17. Сайт Общенациональной Социал-демократической партии [Электронный ресурс] – 2022. URL: <https://osdp.kz/ru/partiya/istoriya-partii>. (дата обращения: 10.05.2022).

18. Итоги голосования на внеочередных выборах Президента Республики Казахстан. [Электронный ресурс] – 2022. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8012>. (дата обращения: 25.10.2023).

19. Президент ожидает появление оппозиционных политических партий в Казахстане [Электронный ресурс] – 2022. URL: <https://kz.kursiv.media/2022-11-20/prezident-ozhidaet-royavleniya-opozicionnyh-politicheskikh-partij-v-kazahstane/>. (дата обращения: 25.11.2022).

20. Кисткина Ю., Нурмухамедов Б. Оппозиция в Казахстане авторитарна и неконкурентоспособна QMonitor. 23 сентября 2022 года [Электронный ресурс] <https://qmonitor.kz/politics/4430>. (дата обращения: 08.10.2023).

21. Об установлении итогов выборов депутатов Мажилиса Парламента РК [Электронный ресурс] – 2023. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8922> (дата обращения: 25.10.2023).

22. Феерия политических фриков. Почему новая оппозиция в Казахстане столь же никчемна, как и старая? Qmonitor. 17 марта 2023 года. [Электронный ресурс] – 2023. URL: <https://qmonitor.kz/society/4922>. (дата обращения: 08.10.2023).

References

1. Sergeev S.A. Politicheskaja oppozitsiia v sovremennoi Rossii (Federalnyi i regionalnyi aspekty): [Political Opposition in modern Russia (Federal and regional aspects)]. Dissertation of Doctor of Political Sciences (Kazan, 2005, P. 8-9) [in Russian].
2. Kalinin B.Iu. Rossiiskaia oppozitsiia v period transformatsii politicheskoi sistemy: strukturno-funktsionalnyi analiz (1993-2004 gg.) [The Russian Opposition during the Transformation of the political system: a structural and functional analysis (1993-2004)]. Dissertation abstract for Candidate of Political Sciences (N.Novgorod, 2005, P. 16) [in Russian].
3. Timofeeva L.N. Vlast i oppozitsiia: konfliktno-diskursnyi analiz (teoriia, istoriia, metodologija) [Power and Opposition: conflict-discourse analysis (theory, history, methodology)]. Dissertation abstract for Candidate of Political Sciences (Moscow, 2005) [in Russian].
4. Gelman V. Politicheskaja oppozitsiia v Rossii: vymiraiushchii vid? [The political opposition in Russia: An endangered species?] Polis. Politicheskie issledovaniia [The policy. Political research], №4, 52-70 (2004) [in Russian].
5. Ismagambetov T. Kontury preobrazovaniia izbiratelnoi i partiinoi sistem na puti v «Novyi Kazakhstan» [The contour of the transformation of the Electoral and party system on the road in "New Kazakhstan"] [Electronic resource]. URL: <https://dialog.kz/articles/politika/2022-03-10/talgat-ismagambetov-politolog-kontury-preobrazovaniy-izbiratelnoy-i> (accessed: 08.10.2023) [in Russian]
6. Politleksikon: poniatie, fakty, vzaimosviazi [Political lexicon: concepts, facts, relationships] Rossiiskaia politicheskaja entsiklopediia [The Russian Political Encyclopedia] (Moscow, 2013, 392 p.) [in Russian].
7. Sergeev S.A. Politicheskaja oppozitsiia i oppozitsionnost: opyt osmysleniia poniatii [Political opposition and oppositionism: the experience of understanding concepts] Sotsialno-gumanitarnye znaniia [Social and humanitarian knowledge], №3, 125-137 (2004) [in Russian].
8. Demokraticeskaja oppozitsiia: krizis ili izmenenie strategii? Materialy «kruglogo stola» diskussionnogo kluba «POLYTON» im. N.E. Masanova, 24 oktiabria 2008. [Democratic opposition: crisis or change of strategy? Materials of the "round table" of the discussion club "POLYTON" named after N.E. Masanov, October 24, 2008] [Electronic resource]. URL: www.alternativakz.org (accessed: 08.05.2022) [in Russian].
9. Karmazina L. Problemy kazakhstanskoi oppozitsii. [Problems of the Kazakh opposition] Tsentralnaia Aziia i Kavkaz [Central Asia and the Caucasus], №4-5, 201 (2009) [in Russian].
10. Istoriia oppozitsionnogo dvizheniia «Demokraticeskii vybor Kazakhstana» [The history of the opposition movement "Democratic Choice of Kazakhstan"] [Electronic resource]. URL: <https://ru.odfoundation.eu/a/7249,istoriyaoppozicionnogo-dvizheniya-demokraticeskii-vybor-kazahstana> (accessed: 10.05.2022) [in Russian].
11. V Kazakhstane priznali ekstremistskim dvizhenie «Demokraticeskii vybor» [The Democratic Choice movement has been recognized as extremist in Kazakhstan] [Electronic resource]. URL: <https://ru.sputniknews.kz/politics/20191024/11843854/ermuhamet-ertysbayevantikitsayskie-mitingi.html> (accessed: 10.05.2022) [in Russian].

12. Sait dvizheniia «Demokraticeskii vybor Kazakhstana» [Website of the Movement "Democratic Choice of Kazakhstan"] [Electronic resource]. URL: <https://www.ablyazov.org/ru/politicheskaya-platforma/> (accessed: 10.05.2022) [in Russian].

13. Kaletaev D. Partii dolzhna stat realnoi oporoi svoego lidera, 21 noiabria 2008 [The party must become a real pillar of its leader] [Electronic resource]. URL: <http://ia-centr.ru/expert/3027>. (accessed:10.05.2022) [in Russian].

14. Konstitucionnyj Zakon RK «O vnesenii dopolnenij v Konstitucionnyj Zakon Respubliki Kazahstan «O Parlamente Respubliki Kazahstan i statute ego deputatov» [The Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan "On Amendments to the Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan "On the Parliament of the Republic of Kazakhstan and the Status of its deputies"] [Electronic resource]. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38566485&pos=9;-50#pos=9;-50. (accessed: 10.05.2022) [in Russian].

15. Tokaev ob oppozicii v RK: ona est', no v bol'shej stepeni na ulice [Tokayev on the opposition in the Republic of Kazakhstan: it exists, but mostly on the street] [Electronic resource]. URL: <https://informburo.kz/novosti/tokaev-ob-oppozicii-v-rk-ona-est-no-v-bolshej-stepeni-na-ulice>. (accessed: 10.05.2022) [in Russian].

16. Kasym-Zhomart Tokaev podpisal zakon ob amnistii [Kassym-Jomart Tokayev signed the amnesty law] [Electronic resource]. URL: <https://kapital.kz/gosudarstvo/110077/kasym-zhomart-tokayev-podpisal-zakon-ob-amnistii.html> (accessed: 10.05.2022) [in Russian].

17. Sajt Obshchenacional'noj Social-demokraticeskoy partii [Website of the National Social Democratic Party] [Electronic resource]. URL: <https://osdp.kz/ru/partiya/istoriya-partii> (accessed: 10.05.2022) [in Russian].

18. Itogi golosovaniya na vneocherednyh vyborah Prezidenta Respubliki Kazahstan. [Results of voting in the early elections of the President of the Republic of Kazakhstan] [Electronic resource]. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8012>. (accessed: 25.10.2023) [in Russian].

19. Prezident ozhidaet poyavlenie oppozicionnyh politicheskikh partij v Kazahstane [The President expects the emergence of opposition political parties in Kazakhstan] [Electronic resource]. URL: <https://kz.kursiv.media/2022-11-20/prezident-ozhidaet-poyavleniya-oppozicionnyh-politicheskikh-partij-v-kazahstane/> (accessed: 25.11.2022) [in Russian].

20. Kistkina Iu. Burikhan Nurmukhamedov: oppozitsiia v Kazahstane avtoritarna i nekonkurentosposobna. [The opposition in Kazakhstan is authoritarian and uncompetitive] QMonitor. 23 sentiabria 2022 goda. [Electronic resource]. URL: <https://qmonitor.kz/politics/4430> (accessed: 08.10.2023) [in Russian].

21. Ob ustanovlenii itogov vyborov deputatov Mazhilisa Parlamenta RK [On establishing the results of the elections of deputies of the Mazhilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan] [Electronic resource]. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8922> (accessed: 25.10.2023) [in Russian].

22. Feeriia politicheskikh frikov. Pochemu novaia oppozitsiia v Kazahstane stol zhe nikchemna, kak i staraia? [An extravaganza of political freaks. Why is the new opposition in Kazakhstan as worthless as the old one?] Qmonitor. 17 marta 2023 goda. [Electronic resource]. URL: <https://qmonitor.kz/society/4922> (accessed: 08.10.2023) [in Russian].

И.А. Калиев¹, А.А. Акишев¹, М.А. Сулейменов², Б.В. Поломарчук¹

¹«Торайғыров университеті», Павлодар, Қазақстан

²Инновациялық Еуразия университеті, Павлодар, Қазақстан

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі кезеңіндегі саяси жаңғыру жағдайындағы билік пен оппозиция арасындағы өзара іс-қимылдары

Аңдатпа. Саяси акторлардың пікірлері, көзқарастары мен қажеттіліктерінің әртүрлілігі оның мәнінде жасырылған. Нәтижесінде, биліктегі субъектілер мен оны жаулап алуға немесе оған әсер етуге ұмтылатындар арасында қарым-қатынастар мәселесі пайда болады. Соңғылары оппозиция ретінде белгіленеді.

Маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіне нақты әсер ете алатын балама саяси күштердің немесе қоғамдық бірлестіктердің болуы, сөзсіз, мемлекеттің тиімді демократиялық саяси жүйесін құрудың қажетті шарты болып табылады. Оппозицияның өз идеялары мен пікірлерін ашық айту, өз міндеттерін жүзеге асыру мүмкіндігі бүкіл саяси жүйенің жұмысына оң әсер етеді.

Біздің мемлекетімізде партиялардың, ұйымдардың, қоғамдық қозғалыстардың қызметі заң түрінде бекітілген. Ел Конституциясына сәйкес «Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әртүрлілік танылады». Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстандағы оппозиция демократиялық процестің бір бөлігіне айналды. Демек, ғалымдар осы құбылысты зерттеуге деген үлкен қызығушылық білдіреді.

Билік пен оппозиция арасындағы қарым-қатынастар мәселесі көптеген посткеңестік елдер үшін өте өзекті. Бұл мемлекеттерде билік жүргізіліп жатқан бағытқа таласатын түрлі күштермен қақтығысады. Азаматтық келісімді қамтамасыз ету үшін билік оппозицияның кез-келген түріне қатысты өзара әрекеттесудің оңтайлы формаларын таңдауы керек. Бұл реформаларды сәтті түрде жүзеге асыру және демократиялық мемлекет құру жолындағы саяси күштерді интеграциялауын үшін қажет.

Түйін сөздер: оппозиция, билік, демократия, саяси плюрализм, партия, саяси жүйе, модернизация, демократияландыру, билік институты, сайлау.

I.A. Kaliyev¹, A.A. Akishev¹, M.A. Suleimenov², B.V. Polomarchuk¹

¹«Toraigyrov University», Pavlodar, Kazakhstan

²Innovative Eurasian University, Pavlodar, Kazakhstan

Interaction between the government and the opposition in the context of political modernization during the period of independence of the Republic of Kazakhstan

Abstract. The diversity of judgments, approaches and interests of political actors are inherent in its essence. As a consequence, there is a problem of the relationship between the subjects who have achieved and realize power, and those who aim to achieve it or influence it. The latter are defined as the opposition.

The very existence of alternative political or social forces capable of having a real impact on the process of making important state decisions is undoubtedly a prerequisite for building an effective democratic political system of the state. The ability of the opposition to openly express their ideas and opinions, to implement their tasks has a positive impact on the functioning of the entire political system as a whole.

In our state, the activities of parties, organizations, and social movements are legislatively enshrined in Article 5 of the Constitution of the Republic of Kazakhstan, according to which «Ideological and political diversity is recognized in the Republic of Kazakhstan». The opposition in Kazakhstan has become part of the democratic process. Hence the great interest of scientists in the study of this phenomenon and its components.

The problem of the relationship between the government and the opposition is relevant for many post-Soviet countries. In these States, the authorities confront various forces that criticize the official course. In order to ensure civil consent, the authorities should choose the optimal forms of interaction with respect to any forms of opposition. This is necessary for the successful implementation of reforms and the integration of political forces into the construction of a democratic state.

Keywords: opposition, power, democracy, political pluralism, party, political system, modernization, democratization, institution of power, elections.

Сведения об авторах :

Калиев И.А. – кандидат политических наук, профессор, «Торайгыров Университет», Павлодар, Казахстан.

Акишев А.А. – доктор политических наук, профессор, «Торайгыров Университет», Павлодар, Казахстан.

Сулейменов М.А. – кандидат исторических наук, профессор, Инновационный Евразийский Университет, Павлодар, Казахстан.

Поломарчук Б.В. – магистр социальных наук, старший преподаватель, «Торайгыров Университет», Павлодар, Казахстан.

Kaliyev I.A. – Candidate of political sciences, professor, «Toraigyrov University», Pavlodar, Kazakhstan.

Akishev A.A. – Doctor of political sciences, professor, «Toraigyrov University», Pavlodar, Kazakhstan.

Suleimenov M.A. – Candidate of historical sciences, professor, Innovative University of Eurasia, Pavlodar, Republic of Kazakhstan.

Polomarchuk B.V. – Master of social sciences, senior lecturer «Toraigyrov University», Pavlodar, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 11.25.67
Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2024-147-2-42-56>

Қазақстан және Еуропалық одақтың демократия принциптері саласындағы әріптестігі

Ж.Г. Сарсенбаева ^Ю

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: zhakentiy@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы әріптестік байланыстардың тарихы ашылады. Екі тарап арасында жасалған 1995 жылғы және 2015 жылғы Келісімнің мәні талданады. Мақаланың басты мақсаты – Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасында жасалған келісімнің демократияны дамытуға қосқан үлесіне баға беру. Екі келісімдегі баптар арнайы қарастырылады. Адам құқығы, заңның үстемдігі, азаматтардың пікір еркіндігі мен сайлау құқығы сияқты мәселелердің шешілу жолдары сипатталады. Автор екі келісімнің демократиялық принциптерді дамытуға қосқан үлесін анықтайды.

Қазақстан Республикасы өз егемендігінің алғашқы жылдарында ең алдымен мемлекеттік егемендікті нығайтуды мақсат етті. Сол себепті де сыртқы саясатының басты ұстанымдары ретінде территориялық тұтастықты сақтау, экономикалық даму мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғам өміріндегі саяси тұрақтылық пен құқықтың үстемдікке ие болуына көмектесетін халықаралық ұйымдар және мемлекеттермен тығыз байланыстар орнатты. Мемлекеттегі демократияны дамытуға көп көңіл бөлді. Еуропалық кеңістіктегі интеграциялық үдерістерге көп мән берілді. Посткеңестік кеңістіктегі Еуразиялық одақпен қатар, демократиялық принциптер ертеден орнаған Еуропа елдерімен тығыз байланыстар орнатылды. Сондықтан БҰҰ, ЕҚЫҰ сынды ұйымдарға мүшелікке өтті. Дамыған мемлекеттермен дипломатиялық байланыстар орнатып, мемлекетті тиімді басқару сияқты мәселелерде тәжірибелер алмасты. Ерекше назар – Еуропалық Одаққа берілді. Өйткені одақ құрамындағы Еуропа мемлекеттерінің демократиялық билік ісінде ұзақ жылғы тәжірибесі бар еді. Еуропа мемлекеттерін біріктірген қауымдастық та Қазақстанның бастамасын белсенділікпен қолдады. Қазақстанның маңызды геосаяси жағдайы шешуші роль атқарады. Сонымен қатар Қазақстанның Орталық Азиядағы көшбасшылық рөлі де жоғары саналады.

Түйін сөздер: интеграциялық байланыстар, сыртқы саясат, Еуропалық Одақ, БҰҰ, демократия, құқық, қауіпсіздік, әріптестік, келісім, парламент.

Түсті: 19.09.2023; Мақұлданды: 14.06.2024; Онлайн қолжетімді: 28.06.2024

Кіріспе

Посткеңестік кеңістікте Қазақстан Республикасының өзіндік орны бар екендігін ширек ғасырға созылған тарихи үдерістер дәлелдей алды. Қазіргі таңда Қазақстан Еуропалық қауымдастық сенім артқан саяси институтқа айналды. Қазақстан Республикасын посткеңестік кеңістік пен Орталық Азиядағы сенімді серіктес ретінде бірнеше мемлекеттермен қатар, халықаралық ұйымдар да қарастырады. Солардың бірі – Еуропалық Одақ болып табылады. Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы байланыстардың барысына мән беретін болсақ, оның бірнеше бағыттарда жүргендігін байқаймыз. Тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, кедейлікпен күрес сипатындағы әлеуметтік мәселелер, өмір сапасын жақсарту, көлік және энергетика, жоғары білім беру мәселелері мен қоршаған ортаны қорғау, экономика салаларына ерекше басымдылық беріледі. Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы әріптестік байланыстарда назар аударатын бағыттардың бірі демократия мәселелерін атап өтеміз. Заңның барлық қоғамдық өмірдің саласындағы үстемдігі, адам құқықтарының сақталуы сынды бағыттар бойынша кешенді жұмыстар да атқарылуда.

Қазақстан Республикасы үшін халықаралық саяси аренада басымдылыққа ие болған халықаралық ұйымдар мен стратегиялық маңызды мемлекеттер көп. Солардың бірі – Еуропалық Одақ болып табылады. Қос тарап арасындағы байланыстар еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан басталды. Бірінші екі тарап арасында жасалған келісім Әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім деп аталса, 2020 жылы Еуропалық Одақ тарапынан мойындалған келісім Кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім деп аталды. Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы алғашқы жүйелі әрі кешенді байланыстар 2000 жылы жүзеге аса бастады. Рас 1995 жылдары екі тарап арасында келіссөздер жүргізілгенімен, ол тек алдағы уақытта Еуропалық Одақ пен Қазақстан арасындағы болуы мүмкін әріптестіктің тек бағыттарын ғана айқындаған болатын. Әрине уақыт өте келе, келісімге сай белсенді әрекет ету ісі қолға алына бастады. 2000 жылы Брюссель қаласында екі тарап арасында жүзеге асқан кездесу болып, нәтижесінде бірқатар стратегиялық маңызды мәселелер бойынша әріптестікке қол жеткізілді. Еуропалық комиссия төрағасы Р.Проди қос тарап арасындағы байланыстарды нығайту туралы Қазақстанның ұсынысын қолдады. Рас бұл кездесудің алғышарттары оған дейін жасалды. 2015 жылдың 21 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі Е.Идрисов пен Еуропалық Одақтың сыртқы саясат және қауіпсіздік төрағасы Ф.Могерини қол қойған жаңа келісімге қол жеткізілді. Қазақстан тарапы келісімді 2016 жылдың мамыр айында мақұлдағанымен, Еуропалық Одақ мүшелері тек 2020 жылы келісімді мақұлдады. Ендігі кезекте осы екі келісімнің ерекшеліктері мен артықшылықтарын анықтау ісінің маңыздылығы жоғары. Осы арқылы болашақ басымдылықтарды анықтай аламыз.

Ғылыми зерттеудің мақсаты

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізіп, 1995 жылы қабылданған Конституциясында демократиялық даму жолына түсті. Өзін құқықтық мемлекет деп

жариялап, әр азаматтың құқығы сақталып, қорғалуына көңіл аударады. Осы тұрғысынан келгенде Еуропалық Одақпен арадағы мүдделер ортақ. Дегенмен заман ағымына сай демократияны дамыту, оның институттарын қалыптастырып, адам құқығын қорғау ісі үнемі назарда болуды талап етеді. Мақаланың мақсаты Еуропалық Одақ құрылымы мен өзіндік ерекшеліктерін айқындау. Еуропалық Одақпен әріптестік байланыстың Қазақстан Республикасы үшін қандай артықшылықтар беретініне мән беріп, қос тарап арасындағы байланыстардың жүзеге асу жолдарын талдау болып табылады.

Тарихы

Қарастырып отырған тақырып әр жылдары отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Олардың қатарында Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы әріптестік байланыстардың орнауы мен барысы туралы ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастырған Р.С.Курмангужиннің бірнеше мақалалары бар. Сонымен қатар Еуропалық Одақ пен Қазақстан арасындағы әріптестік байланыстардың ерекшеліктері, ортақ ұстанымдар мен айырмашылықтар турасында зерттеу жүргізген А.А.Казанцевтің еңбегін атап өте аламыз. Сонымен қатар мақала барысында қос тарап арасында жасалған келісімнің заңнамалық актілері де пайдаланылды. Отандық зерттеушілер қатарында З.Мукашева мен Д.Ахмедиянованың еңбектері назар аударарлық. И.С.Марусиннің «Демократические принципы управления надгосударственными образованиями (на примере Европейского Союза)» және А.К.Канатовтың «Институт полномоченного по правам человека в Казахстане», сонымен қатар Ж.Арыновтың «Opportunity and Threat Perceptions of the EU in Kazakhstan and Kyrgyzstan» атты ғылыми мақалаларында көтерілген жетекші ой басшылыққа алынды.

Зерттеу әдістері

Мақалада ғылымға белгілі бір қатар зерттеу әдістері қолданылып, зерттеу принциптері басшылыққа алынды. Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудағы басты принциптердің бірі – объективтілік. Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы демократия, адам құқығы және заңның үстемдік құруы саласындағы әріптестік байланыстардың заңнамалық негіздерін қарастыра отырып, оның басымдылықтары мен кемшіліктерін де көрсетуге талпыныстар жасалды. Қос тарап арасындағы 1995 жылы және 2015 жылы жасалған әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімнің демократия, адам құқықтары мен заңның үстемдігіне қатысты баптары арнайы қарастырылып, контент талдау жасалды. Осы екі келісімдегі баптардың ерекшеліктері айқындалып, елімізде атқарылып жатқан шараларға сипаттама берілді. Ғылыми мақалаға барысында салыстырмалы талдау әдісі арқылы келісімдегі баптардың ерекшеліктеріне баға берілді. Әр жылдардағы келісімнің ерекшеліктері мен артықшылықтарына дәл баға беру үшін мақала барысында ретроспективтілік әдісіне басымдылық берілді.

Нәтижелер мен талқылаулар

1995 жылы Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы қол қойылған әріптестік туралы келісім 1999 жылы келісім өз күшіне енген болатын. Атап өтетін жайттардың бірі – алғашқыда қос тарап арасындағы келісімнің сауда және экономикалық сипаты басым болған. Мысалы 2000 жылғы келіссөз барысында ортақ стратегиялық қабылданып, оған сай:

- Сауда-экономикалық байланыстарды ұлғайту және инвестиция;
- Еуропалық нарықтағы тауарлар мен қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- Энергетика саласындағы әріптестік;
- Газ өндіру саласындағы өзара көмек беру;
- Қаржы және банк саласындағы әріптестікке қол жеткізу және тағы да басқалары [1, 107 б.].

Зерттеуші Р.С.Курмангужин өзінің зерттеу жұмысында алғашқы әріптестік туралы келісім барысында Қазақстан тарапы ұсынған маңызды мәселелер бойынша нақты шешім қабылданбады деген пікір білдіреді. Мұндай мәселелер қатарында терроризм, ұйымдасқан қылмыс және заңсыз есірткі саудасына қарсы күрес бойынша әріптестікті атап өтеді. Алғашқы әріптестік байланыстар сауда-экономикалық сипатта жүзеге асуының да өзіндік артықшылықтары бар еді. Өйткені Еуропалық Одақ тарапы посткеңестік елдер ішінде Қазақстанның әріптестік байланыстарға ашық әрі дайын ұстанымдарымен танысты. Нәтижесінде алдағы уақытта Қазақстан Республикасы тарапынан туындаған бірқатар бастамалар бойынша жүйелі жұмыстар мен әріптестік байланыстар орнай бастады. Жоғарыда атап өткен бағыттармен қатар, демократиялық институттарды дамыту, адам құқықтарын қорғау, кедейлік деңгейін төмендету, мемлекеттік басқаруды тиімді ету, заңнаманы жетілдіру, азаматтық қоғамды қалыптастыру мәселелері бойынша әріптестік байланыстар жүзеге аса бастады [2, 189 б.]. Бірқатар саясаттанушылардың пікірінше, Еуропалық Одақ және Орталық Азия, соның ішінде Қазақстанмен тығыз байланыстар орнатуының өзіндік себептері бар. Мысалы А.А.Казанцев өзінің зерттеу жұмысында Еуропалық Одақтың Орталық Азия елдерімен әріптестік байланыстар орнатуында АҚШ-тың ықпалы бар деп санайды [3, 127 б.]. Рас осы жылдары АҚШ Ауғанстан жерінде антитеррористік іс-қимылдарды ұйымдастырғаны белгілі. Сол себепті де АҚШ Ауғанстандағы террористік күштерге қарсы әрекеттерде Орталық Азия елдерінің мүмкіндіктерін пайдалануға тырысты. Еуропаның бірқатар елдері АҚШ-пен бірге НАТО-ға мүше болып табылатындығын ескерсек, Еуропалық Одақтың да Орталық Азияға назар аударуы түсінікті болады. Қазақстан Республикасына келер болсақ, Орталық Азиядағы көшбасшы мемлекеттердің бірі саналады. Территорияның ауқымдылығы, пайдалы қазбаға бай ел ретінде ғана емес, дамудың Еуропалық үлгісіне басымдылық берген саяси институт ретінде танылып үлгерді. Соның дәлелі ретінде егемендіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ құқықтық мемлекет құруға тырысып, қабылданған Конституцияға сай билікті демократия принциптеріне сәйкес тармақтай алды. Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы байланыстар орныға бастаған жылдар еліміз үшін шешуші кезеңдердің бірі саналады. Қоғам өмірін әлеуметтік-

экономикалық жаңғырумен қатар, саяси демократияландырудың жаңа кезеңінде тұрды. Сондықтан Қазақстан тарапы Брюссельмен ара қатынасты реттеу ісіне үлкен мән берді. Сонымен 1995 жылы қабылданған әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімде демократиялық билік, оның принциптері мен мемлекетті тиімді басқару ісі туралы қандай бастамалар көтеріліп, осы бағытта жеткен жетістіктер қандай болды деген мәселені айқындаудың қажеттілігі туындайды. Келісімнің 1-бабында келісімге келудегі басты мақсат – қос тараптың саяси диалогын орнатып, саяси қатынастарды дамыту деп көрсетіледі. Сонымен қатар сауда, инвестиция, экономикалық байланыстарды да сәтті жүзеге асыру екендігін көрсетеді. Біз қарастырып отырған демократия, мемлекетті басқару ісі, құқықтық теңдік сынды мәселелер де аталады. Еуропалық Одақ Қазақстанның өз елінде демократияны күшейту әрекеттерін қолдап, Еуропалық тәжірибемен бөлісуді де өз міндетіне алды. 1995 жылы жасалған келісімге мән беретін болсақ, 2-бапта демократияны сыйлау, халықаралық құқық пен адам құқықтары принциптерін БҰҰ, Париж хартиясы мен Хельсинкилік Қорытынды актісіне сай ету мақсатын айқындайды. Еуропалық Одақ өз тарапынан КСРО ыдырап, оның орнына пайда болған елдердің, соның ішінде Қазақстанның тәуелсіз болып орнығуына қолдау білдіретіндігін атап өтті. Жұмысты жүйелі ету мақсатында әріптестіктің өз алдына жеке Кеңесі құрылады. Кеңестің жұмысы алдымен келісімде көрсетілген талаптардың жүзеге асуын қадағалау болды. Кеңестің жұмысы жылына бір рет ұйымдастырылатын жиын арқылы жүрді. Жиынға әр елдің министрлері қатысатын деңгейде өткізу жоспарланды. Кеңес жұмысы барысында бір тарапты Қазақстан Республикасының Үкімет мүшелері құраса, келесі тарапты Еуропалық Одақ елдерінің мүшелері құрады. Төраға да екі тараптан таңдалып алынды. Кеңестер жұмысын тиімді етуге ықпалдасу үшін комитет құрылды. Келісімнің 92-бабында көрсетілгендей Еуропалық Одақ пен Қазақстан арасындағы әріптестік туралы келісім алдымен 10 жылға жасалды. Он жыл мерзім аяқталған соң, әр жыл сайын келісім автоматты түрде жаңарып отырады. Келісімді тек тараптардың бірінің жазбаша әріптестікті тоқтату туралы хабарламасы ғана тоқтатады [4]. Саяси диалог, демократиялық институттар жұмысын күшейту жұмыстарын да біз жоғарыда атап өткен Кеңестер бақылап, ұйымдастырады. Кеңестер Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ мүшелерінің лауазымды тұлғалары арасында кездесу ұйымдастырып, әр тараптың дипломатиялық арналары арқылы да ақпарат, байланыстар алмастырады.

Қос тарап арасындағы әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімге он жыл толғаннан кейін жыл сайын да кездесулер мен түрлі бас қосулар орын алып тұрды. 2006 жылдың ақпан айында Еуропалық Одақ тарапынан жаңа бастама көтерілді. Жаңа стратегиялық жобаның сауда-экономикалық астары басым болғанымен, Германия Еуропалық Одақтың төрағасы ретінде Қазақстанның өзіне бастама ұсынуына рұқсат берді. Өз кезегінде Қазақстан Еуропалық Одақпен тек сауда-экономикалық қана емес, өзге де мәселелер бойынша интеграциялану бастамасын көтерді. Оның ішінде біз қарастырып отырған демократияландыру мәселесі бар. Жаңа стратегиялық жобаға Қазақстан тарапынан ұсынылған ұсыныстардың ішінде мемлекетті басқарудың тиімділігін арттыру, адам әлеуетін басқару сияқты ұсыныстардың болғандығын байқаймыз. Еуропалық Одақ мүшелері Қазақстанның ұсыныстарына дұрыс көзқараспен

қарады. Оған Еурокомиссия төрағасы Ж.М.Баррозудың 2006 жылдың желтоқсанында Астанада берген бағасы дәлел бола алады. Орталық Азиядағы Қазақстанның әлеуеті жоғары. Сол себепті де 2007 жылы Еуропалық Одақ комиссиясы Астана қаласында Орталық Азия елдерінің Сыртқы істер министрлерімен кездесу ұйымдастырып, «Астаналық үдеріс» деп аталатын тұрақты диалогты қалыптастырды. Нәтижесінде 2007 жылы Брюссель қаласында ұйымдастырылған саммит барысында «Еуропалық Одақ және Орталық Азия: жаңа әріптестіктің стратегиясы» деп аталатын құжат қабылданды. Бұл құжат Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасы арасындағы әріптестік байланыстарды қалыптастыру әрекеттеріне белсенділік берді. Қазақстанға Еуропалық Одақ Кеңесінің бас хатшысы Хавьер Солана келді. Қазақстанмен қатар, Орталық Азия елдері де Еуропалық Одақпен әріптестік байланыстардың орнауына қызығушылық танытты. Өйткені Еуропалық Одақ ұсынған стратегиялық құжат әр тараптың да мүддесі мен қызығушылықтарын ескерді [5, 26 б.].

Еуропалық Одақ ұсынған стратегиялық құжатқа Қазақстан өз ұсынысын берген болатын. Қазақстан тарапы ұсынған әріптестікті нығайтуға бағытталған шаралар жоспары 8 бөлімнен тұрды. Соның ішінде біз атап өтетін бөлімдердің қатарында:

- Саяси диалог;
- Құқықтың үстемдік етуі, демократияландыру және адам құқығын қорғау атты бөлімдері.

Бүгінгі күні Қазақстан тарапының ұсыныстары өзінің заңдылығымен ерекшеленді деп айта аламыз. Өйткені бұл ұсыныстар әріптестікті нығайту бойынша Қазақстанның өзіндік болжамдарына негізделді. ХХІ ғасырдың алғашқы он жылдығында еліміз саяси және құқықтық дамудың келесі кезеңіне шыққан болатын. Еуропалық Одақпен әріптестік байланыстарды орнатудың жүйелі шараларын жүзеге асыру үшін «жол картасы» даярланды.

Жалпы Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасы арасында демократия, мемлекетті тиімді басқару сияқты мәселелерде бірнеше келіссөздер жүргізілді. 2011 жылдан бастап әріптестіктің жаңа деңгейіне көтерілу мақсатында келіссөздердің 8 кезеңі орын алды [6, 5 б.]. 2020 жылы Қазақстан Орталық Азияда тұңғыш болып Еуропалық Одақпен жаңа келісім жасасты. Қазіргі таңда Қазақстанның тәжірибесін Өзбекстан мен Қырғызстан басшылыққа алуда. Салыстырмалы түрде алғанда төрт жыл үлкен мерзім емес. Өйткені 1995 жылғы келісім тек 1999 жылы күшіне енген. Ол жылдары Еуропалық Одақ құрамында 15 мемлекет болса, Қазақстанмен арадағы келісімді мақұлдау кезінде одақ құрамында 28 мемлекет болды. Жаңа келісім әріптестіктің 29 саласын қамтиды. Неліктен жаңа келісімдер қабылдануда деген заңды сұрақ та туындауы мүмкін. Бұл заман ағымы мен дамуына байланысты қабылданып жатқан шаралар. Бүгінде қоғамда киберқауіпсіздік, цифрландыру сияқты мәселелер ерекше өзекті болуда. Міне жаңа келісім осы салалармен қатар, мемлекетті тиімді басқару сынды салалар бойынша да әріптестік байланысты күшейтуді жоспарлады.

Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасы арасындағы келісімге мән беретін болсақ, 1-бапта демократиялық принциптер мен адам құқығын сыйлауды басты принцип ретінде таниды. Бұл ретте қос тарап та Адам құқықтарының жалпы декларациясы,

Хельсинки Қорытынды актісі, Еуропадағы қауіпсіздік және сенім шаралары ұйымы, Жаңа Еуропа үшін Париж хартиясы деп аталатын халықаралық құжаттар мен ұйымдардың талаптарын басшылыққа алатындығы айтылады. Сонымен қатар келісім диалог, өзара сенім мен сыйластық, тең құқылы әріптестік, өзара тиімділік принциптеріне негізделетіндігіне ерекше назар аударады. Бұл ретте БҰҰ-ның Жарғысында бекітілген принциптермен құндылықтарға құрметпен қарайтындығын атап өтеді. Әрине Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасы арасындағы демократиялық принциптерге қатысты әріптестігі белгілі бір құзыреттілік шеңберінде ғана жүзеге асады. Ол туралы келісімнің 2-бабында айтылған. Келісімнің 5-бабы «Демократия және заң үстемдігі» деп аталады. Аталған бапта қос тарап адам құқықтарын тиімді қорғау бойынша әріптес болып, осы істе адам құқығына қатысты барлық халықаралық құжаттардың артықшылықтарын басшылыққа алуда мақсат етеді. Сол үшін демократиялық институттарды дамытып, БҰҰ мен ЕҚШҰ-ның құқық қорғау органдарымен де бірлесіп жұмыс жасау көзделетіндігі айтылады.

Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасы арасындағы жасалған келісімнің V тарауы «Еркіндік, қауіпсіздік және заңнама саласындағы әріптестік» деп аталады. 235-бапта қос тарап та заңның қоғамның барлық саласында үстемдік етуіне қол жеткізуге тырысуы тиіс деп атап өтеді. Сот органдарының тәуелсіздігі, әділ сот шешіміне қол жеткізу, адам құқықтарын сыйлау мәселесіне қол жеткізу үшін осы бағыттағы институттардың жұмыс жасауын қамтамасыз ету керектігіне мән береді. Адам құқықтарының сақталуы мен оған деген құрметке қол жеткізуде Гаага конференциясының конвенцияларын басшылыққа алу керектігін атап өтеді. Сөзсіз демократиялық билік ең алдымен азаматтардың жеке пікірі, сайлау құқығы, пікір еркіндігі сияқты мәселелермен қатар, азаматтық қоғамның дұрыс қалыптасуымен тығыз байланысты. Сол себепті де Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасы келісім барысында азаматтық қоғамды дұрыс қалыптастыру мәселесі арнайы бөлім ретінде қарастырылды. «Азаматтық қоғам әріптестігі» деген аталатын бөлімде демократиялық биліктің бір көрсеткіші ретінде азаматтық қоғамды қалыптастыру мен дамыту ісіндегі әріптестік мәселесі жан-жақты қарастырылады. Атап айтқанда қос тарап азаматтық қоғам мәселесі бойынша әріптестік кездесу, кеңес беру түрінде жүзеге асатындығы айтылады. Мұндағы мақсат:

- Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасы арасындағы барлық азаматтық құрылым арасында байланыс орнатып, ақпарат пен тәжірибе алмасуына жағдай жасау;
- Әр тараптың да азаматтық қоғам өкілдерін бір-бірінің еліндегі мемлекеттік институттар мен әлеуметтік әріптестерінің жұмысымен таныстыру, соның нәтижесінде азаматтық қоғамға қатысты мемлекеттік саясатты жасап шығару;
- Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасы арасындағы келісімнің жасалуы мен оның талаптарының орындалуына азаматтық қоғамның белсенді қатысуына қол жеткізу;
- Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасы арасындағы саяси-экономикалық, әлеуметтік байланыстардың нығайуына жағдай жасау үшін азаматтық қоғамның тәуелсіздігі мен ашықтығын қамтамасыз ету.

Осы көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу мақсатында Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдары арасындағы байланыстарды нығайту

көзделген. Оған қоса үкіметтік емес ұйымдарға сәйкес келетін институттардың жұмысын күшейтіп, адам құқығын сақтау саласында оң нәтижелерге қол жеткізуді мақсат етеді. Осы үшін кемінде жылына бір рет ақпараттармен алмасып, түрлі әріптестік бағдарламаларды жүзеге асыруды жоспарлайды.

Демократиялық биліктің басты принциптері мемлекетті тиімді басқару ісімен тығыз байланысты. Сол себепті де қос тарап мемлекеттік және азаматтық қызметтің әлеуетін көтеру үшін халықаралық озық тәжірибелерге басымдылық береді. Осы саланы барынша кәсібилендіру үшін тәжірибе алмасуды жолға қойылуға тиіс. Эксперттер алмасу, семинарлар ұйымдастыру, оқытуды мақсат ететін ұйымдардың жұмысын жандандырып, оларға қолдау білдіру жұмыстардың заңнамалық негіздері қалыптастырылды.

Жаңа қабылданған келісімге сай Қазақстан Еуропалық Одақ тарапынан демократия мен адам құқықтарын дамыту үшін қаржылық және техникалық көмектер алуда жаңа мүмкіндіктерге ие болды. Өйткені 2020 жылдың 1 наурызында қабылданған «Кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім» атты құжатта демократия мәселелері, адам құқықтарының сақталуы, адамның бостандықтарына қатысты реформаларда Еуропалық Одақтың өз көмегін беретіндігі айтылады. Келісімге сай Қазақстан мен Еуропалық Одақ жыл сайын Сот төрелігі, заң үстемдігі мен адам құқықтары туралы комитет аясында дәстүрлі отырысын ұйымдастырады. Отырыс барысында адам құқықтарына қатысты кешенді мәселелер қарастырылады. Мысалы:

- Пенитенциарлық жүйе, оқшауланған мекемелерде адам құқықтарын өрескел бұзу, азаптауды болдырмау, қатігездікке негізделген әрекеттердің алдын алу;
- Азаматтық қоғамды қалыптастыру;
- Ассоциация және бейбіт жиындардың еркіндігі;
- Әйелдердің құқығы;
- Балалардың құқығын сақтау және кемсітушілікке жол бермеу;
- Пікір еркіндігінің сақталуы;
- Дін және сенім бостандығы.

Жалпы Еуропалық Одақтың сот төрелігі және заң үстемдігі комитеті еліміздегі өзекті болған мәселелерді де кеңінен талқылайды. Мемлекеттік басқаруды тиімді ету, сот жүйесін реформалау, сот органдарының әріптестігі, жемқорлықпен күрес және тағы да басқа мәселелерді талқылау ісі бір жолға қойылған. Еуропалық Одақтың демократия мәселелері бойынша қолдау жұмыстары бірнеше бағдарламалары негізінде жүзеге асады. Демократия және адам құқықтарына Еуропалық әсер ету құралы (EIDHR) және Жергілікті өзін-өзі басқару және мемлекеттік емес құрылымдарды қолдау (NSA-LA) бағдарламаларын атап өте аламыз. EIDHR – күрделі саяси сұрақтар мен инновациялық шешімдер мәселесін талқылайды. 2021 жылғы статистикалық көрсеткіштер бойынша Демократия және адам құқықтарына Еуропалық әсер ету құралы елімізде жалпы сомасы 2 миллион болатын бес жобаны жүргізген. Ол жобалар демократиялық принциптерге қатысты бірнеше кешенді мәселелер бойынша жұмыстар атқарды. Атап айтқанда:

- Қазақстандағы демократиялық реформалар мен адам құқықтарының сақталуын дамыту, пікір еркіндігі мен бейбіт жиындар мәселесі;
- Азаматтық қоғам ұйымдары мен мемлекеттік билік арасындағы әріптестікті күшейту;

– Орталық Азиядағы құқық қорғаушылардың қауымдастығын қалыптастыру үшін құқық қорғаушы әйелдерге қолдау білдіру;

– Мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамдық орындарда еркін қимылдап, қызмет түрлерін кеңінен пайдалануын халықаралық стандарттарға сай қорғау мен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Еуропалық Одақпен әріптестік байланыстары елдегі демократияны дамытуға көп үлес қосары түсінікті. Өйткені Еуропалық Одақ адамның іргелі құқықтары мен заңның үстемдік етуіне көп мән беріп, тіпті осы екі фактор Еуропалық Одақты құраушы басты принциптер де болып табылады. Еуропалық Одақтың жарғысының 2 бабында «Одақ еркіндік пен демократия, адамның құқық мен еркіндігіне құрмет, заңның үстемдік етуі сынды принциптерге негізделген. Мұны Одақ мүше елдердің барлығы мойындайды» деп нақты көрсетілген. Демократия – Еуропалық Одақтың іргелі принциптерінің бірі болып табылады. Одаққа мүше елдердің барлығының да дауыс беру құқығы бар. Демек демократиялық принциптерге сай келмейтін әрекеттер дереу мүше елдер арасында талқыланып, нақты шешім қабылданады. Еуропалық Одақ өзіне мүше елдермен және әріптестік байланыс орнатқан Қазақстан сынды мемлекеттермен байланыс барысында үш негізгі демократиялық принциптерге жүгінеді:

– Теңдік. Еуропалық Одақ өз кезегінде әріптестік байланыс орнатқан елдер және Одаққа мүше елдердің азаматтарының құқықтарының тең болуына көңіл аударады;

– Төрағалық. Еуропалық Одақтың Парламентіне мүшелер ашық сайлау арқылы сайланса, әріптес елдермен арадағы байланыстар барысында құрылатын Кеңестердің де тең құқылы төрағалары болады. Егер де Еуропалық Одақ Парламенті министрлер Кеңесімен бірлесіп отырып, заңнамалық актілерді, шешімдер мен тапсырмаларды, регламенттерді қабылдаса, әріптес елдермен арадағы Кеңес төрағалары қос тарап арасындағы байланыстың бағыттарының шынайы жүзеге асуын қадағалайды;

– Қатысу. Еуропалық Одаққа мүше елдердің азаматтары қабылданып жатқан шешімдерге атсалысып, қатыса алады. Сол сияқты Еуропалық Одақ пен әріптес мемлекеттер арасында да бұл принциптер сақталады. Демек қос тарап арасындағы байланыстар мен қабылданатын шешімдер де Кеңес мүшелері, қос тараптың да мүддесі ескеріле отырып жүзеге асады [7, с. 85].

2004 жылдың көктемінде Еуропалық Одаққа жаңадан он мүше мемлекет қабылданған болатын. Сол жылдың көктемінде Рим қаласында Одаққа мүше елдер актіге қол қойып, ол акті Келісім деп аталды және шындығына келгенде келісім Еуропалық Одақтың жаңа Конституция қызметін атқарды. Кейіннен Еуропалық Одақтың Конституциясына «Демократиялық принциптер туралы Ереже» деп аталатын жаңа бөлім қосылып, сол бөлімнің 10 бабының 1 тармағында «Одақтың қызметі өкілдік демократияға негізделеді» деп көрсетілген. Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің де билік қатынастары өкілдік демократияға негізделген. Демек Еуропалық Одақ биліктің орталық органы ретінде заң шығарушылық биліктің үстемдігін мойындайды. Еуропалық Одаққа мүше елдердің азаматтары болса, белгілі бір мерзім аралығында сол заң шығарушы билік органдарына депутаттарды сайлау барысына тікелей қатысады. Көп дауыс алған партия өкілдері өз депутаттарын жасақтап, билік партиясы атанады. Сайлау

қорытындысынан соң үкімет мүшелері де ауысып, жаңа құрам қалыптасады. Еуропалық Одаққа мүше елдер азаматтардың билікке араласып, өз таңдауын жасау әрекетін осы механизм арқылы жүзеге асырады. Өз кезегінде Еуропалық Одақ болса, заң шығарушы парламент және атқарушы билік үкіметке де көп артықшылық берместен, Еуропалық Одақ комиссиясына мол мүмкіндіктер береді. Әріптестік пен ынтымақтастық сынды жобалар, әріптес мемлекеттермен байланыс мәселелері туралы нормативті актілерді Еуропалық комиссия даярлайды. Атап өтетін жайт, зерттеуші К. Микуласчек өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында Еуропалық комиссия және бүтіндей Еуропалық Одақтың шешімдері халықаралық саясаттың негізгі бағыттарына қатысты қоғамдық пікір тудырады деп атап өтеді [8, 76 б.]. Демек Еуропалық Одақ талап еткен демократиялық принциптер Қазақстан Республикасындағы биліктің тармақталу жүйесінде толығымен көрініс табады. Бір ерекшелігі соңғы сайлау туралы өзгерістерге сай еліміздегі жоғары заң шығарушы билікке тек партиялар ғана емес, пропорционалды мажоритарлы жүйе талаптарына сай өтеді. Ол дегеніміз депутаттыққа үміткерлерді саяси партиялар да ұсынады және бір мандатты аймақтық сайлау округіндегі үміткерлер саяси партиямен қатар, қоғамдық бірлестіктер немесе өзін-өзі ұсыну арқылы сайлана алады [9, 2 б.]. Мұндай сайлау заңындағы өзгерістер Еуропалық Одақ сынды өзге де демократия жолындағы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың терең бақылауынан сұрыпталып өткен деп айтуға толық негіз бар. Қазақстанның демократиялық жолмен тұрақты дамуы алдымен инвестиция қауіпсіздігінің кепілі болып табылады.

Еуропалық Одақтың құрылымы демократия талаптарына сай келгенімен мән беретін бірқатар мәселелер де бар. Мысалы Еуропалық парламент жұмыс жасағанымен, оның құзыреттілігі шектеулі. Ол Еуропалық Одаққа мүше елдердің азаматтарын толық қамтитын ортақ заң шығара алмайды. Тіпті Еуропалық парламентке қарағанда Еуропалық комиссияның мүмкіндіктері көп. Тіпті Еуропалық Одаққа қатысты маңызды мәселелерді Еуропалық парламент депутаттары емес, мемлекет басшылары жабық есік жағдайында қабылдайды. Демек өкілдік демократия деп табылған басты принцип Еуропалық Одаққа мүше елдердің ішкі саяси өмірінде ғана маңызды деп айта аламыз. Еуропалық Одақ парламентінің депутаттарының сайлаушылар алдындағы жауапкершілігі де сәйкесінше төмен [10, 156 б.].

Қазақстан Республикасының Еуропалық Одақпен арадағы байланыстар сөзсіз еліміздегі құқық салаларының, адам құқығын қорғау мен заң үстемдігін қамтамасыз ету, демократияны дамыту сияқты маңызды мәселелер заман талаптарына сай бола бастады. 2022 жылдың 5 қарашасында «Қазақстан Республикасы «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» заң қабылдаған болатын. Адам құқықтарын жоғары бағалайтын Еуропалық Одақ аталған заңның қабылдануына зор ықыластық танытты. Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары бойынша уәкіл ешқандай мемлекеттік органдарға есеп бермейді, өз алдына тәуелсіз жұмыс жасайды. Еліміздің Конституциясында белгіленген адам құқықтарының өз деңгейінде орындалуын қамтамасыз етеді. Адам құқықтары бойынша уәкіл туралы заң 2002 жылдың 19 қыркүйегінен бастау алады. Уәкілді тағайындау, оның құзыреттілігі мәселесі заман талаптарына сай реттеліп отырды. 2016 жылдың 10 ақпанында арнайы институт болып орнықты. Уәкіл Қазақстан

Республикасы Президентінің ұсынуымен, Сенат депутаттарының сайлауымен тағайындалады. Қазіргі таңда Еуропалық Одақ еліміздегі адам құқықтары бойынша Ұлттық орталықпен байланыс орнату әрекеттерін жүзеге асыруда.

Сөзсіз Еуропалық Одақ пен Орталық Азия елдері, соның ішінде Қазақстан арасындағы байланыстардың артықшылықтары көп екендігі анық. Дегенмен зерттеуші З. Арыновтың Қазақстан мен Қырғызстанның Еуропалық одақпен арадағы байланыстан туындайтын мүмкіндіктері мен төнетін қаупі туралы ғылыми мақаласы назар аудартады. Қос тарап арасындағы байланыстар барысында Еуропалық Одақ өзін тек оң ниеті бар құрылым ретінде танытып отыр дейді. Өйткені ешқандай геосаяси теріс ойы жоқ құрылым Орталық Азия елдерінің территориялық тұтастығына нұқсан келтірмейді деген пікір білдіреді. Рас автордың пайымы орынды. Дегенмен зерттеуші өз кезегінде Еуропалық одақтың Орталық Азия үшін мүмкіндіктері мен тудыратын қаупі нақты салалар бойынша ғана болуы мүмкін деп дәл анықтай алады. Қалай болғанда да зерттеуші Еуропалық одақпен байланыстың Орталық Азия үшін пайдасы мол деген қорытындыға келеді [11, р. 1-18]. Сонымен қатар зерттеуші Р. Янгс та халықаралық саяси аренада Еуропалық Одақ сияқты ұйымның болуы ең алдымен күш қолдану құралын жүзеге асырмайды. Керісінше адам құқықтары сияқты құндылықтарды маңызды етіп, қауіпсіздікті қамтамасыз етеді деп санайды [12, р. 416.]. Біздің пікірімізше Қазақстан алдымен болашаққа ұстанымдары айқындалған тәуелсіз ел болып табылады. Сол себепті Еуропалық Одақпен әріптестікті алға тартып, дамыған елдердің Қазақстандағы демократияның даму деңгейін сынға алуына жол берілмеуі тиіс. Сөзсіз тәжірибе мен ақпарат алмасу ісі өте дұрыс. Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы демократия, адам құқықтары және басқа да салалар бойынша әріптестік байланыстарға баға беру немесе сын айту деген ұстанымнан алшақ болуына қос тарап та мүдделі болғаны абзал. 2014 жылы Қазақстан Республикасы «Asia-Europe-Meeting» деп аталатын форум немесе халықаралық ұйымға мүше болды. Бұл ұйым негізінен Шығыс Азия мен Еуропа арасындағы байланыстарды қамтамасыз етеді. Ұйымға 51 мемлекет мүше болып табылады. Зерттеуші К. Дент өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында «Asia-Europe-Meeting» ұйымы Еуропалық Одақ пен Азия елдері арасындағы макро және микро байланыстардың барлығын қамтыған деген пікір білдіреді [13, р. 224.].

Қорытынды

Сонымен, мақаланы қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы әріптестік байланыстар демократиялық билікті дамыту ісіне көп көңіл бөледі. Атап айтқанда 1995 жылы және 2015 жылы қабылданған екі тарап арасындағы келісімде демократиялық билік, оның принциптері мен адам құқығы, заңның үстемдігі туралы арнайы баптар бар. Әрине екі тарап шешуге тырысқан басқа да салалар өте көп. Дегенмен демократияны дамыту арқылы тек Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ Орталық Азияда тұрақтылықты қамтамасыз ету ниеті жатыр. Қазақстан Республикасы Орталық Азияда Еуропалық одақпен келісім жасаса алған алғашқы мемлекеттердің бірі. Қазақстанның тәжірибесі қазіргі таңда өзге де Орталық Азия мемлекеттері тарапынан басшылыққа алынуда деп айта аламыз.

Еуропалық одаққа мүше елдердің ортақ парламенті болғанымен, оған сайланған депутаттар мүше елдердің азаматтарына қатысты заң шығару ісінде әлеуеті төмен. Өйткені Еуропалық одақ парламентіне қарағанда өзге де, Еуропалық Кеңес пен Еуропалық комиссияның мүмкіндіктері жоғары. Алайда Одаққа мүше елдердің барлығы да Еуропалық Одақтың өкілдік демократия принципіне сай өз құрылымдарын айқындайды. Атап айтқанда заң шығарушы орган және оның депутаттары қызметіне көп көңіл аударады. Азаматтардың да сайлау құқығы арқылы депутаттардың құрамына әсер етіп, осы арқылы өз пікірінің ескерілуіне қол жеткізеді. Осы тұрғысынан келгенде Қазақстан Республикасындағы биліктің тармақталу дәстүрімен ортақтық бар деп айта аламыз. Тараптар арасындағы әріптестік байланыстар сын айту мен түзетуге бағытталмағаны маңызды. Әрине демократиялық билікті қалыптастыру мен дамыту ісі ұзақ мерзімге созылатын үдеріс екені жасырын емес. Бұл тұрғысынан келген Еуропа елдерінің тәжірибесі жоғары. Сол себепті Қазақстан тарапының Еуропалық Одаққа мүше елдерден адам құқығын қорғау, заңның үстемдігі саласында алатын тәжірибесі мол деп айтуға толық негіз бар. Бұл Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы әріптестік байланыстардың әлі де болса өзекті екендігін көрсетеді. Екі келісімнің демократияны дамытуға бағытталған баптарын көрсете отырып, біз алдағы уақытта маңызды болатын салаларды айқындау ісіне көңіл аудару, сол бағытта ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге ғылыми қауымдастықтың назарын аударамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Курмангужин Р.С. Казахстан и ЕС: от стратегии сотрудничества к новому соглашению о продвинутом партнерстве // Сравнительная политика. – 2016. – №1(22). – 107 с.
2. Курмангужин Р.С. Казахстанские инициативы по сотрудничеству с Евросоюзом // Вестник МГИМО. – 2015. – №1(40). – 189 с.
3. Казанцев А.А. Политика стран Запада в Центральной Азии: ключевые характеристики, дилеммы и противоречия. – Москва: Наука, 2009. – 224 с.
4. О ратификации Соглашения о партнерстве и сотрудничестве между Республикой Казахстан, с одной стороны и Европейским Сообществами и их Государствами членами с другой стороны [Электронды ресурс]. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000113_ (қаралған күні: 15.09.2023).
5. Князева А. Проекты сотрудничества и интеграции для Центральной Азии: сравнительный анализ, возможности и перспективы. – Бишкек, 2007. – 316 с.
6. Mukasheva Z., Akmedyanova D. Evolution of the bilateral partnership between European Union and Kazakhstan: results from the content analysis of the PCA and EPSCA // ҚазҰУ Хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – 2023. – №2(102). – 5 б.
7. Марусин И.С. Демократические принципы управления надгосударственными образованиями (на примере Европейского Союза // Вестник Санкт-Петербургского университета. – 2015. – Серия 14. – Выпуск 2. – с. 85
8. Mikulaschek C. The responsive public: How European Union decisions shape public opinion on salient policies // European Union Politics. – Volume 25. – Issue 4. – 2023. – P. 321-340.

9. Асанкелдіұлы А. Парламент сайлауы – саяси реформалардың жалғасы // Егемен Қазақстан. – 2023. 29 қаңтар. – 2 б.

10. Coen D., Katsaitis A. Governance, accountability, and political legitimacy: who participates in the European parliament's committee hearings // Journal of European Integration. – 2022. – №44(4). – P. 475-491.

Қытайдың Батыс өңірді барынша игеру жоспары 2000 жылдан бері іске асырылып келе жатыр. Аталған жоспар аясында Қытай Батыс өңірді игерудің озық үлгілерін жарыққа шығарды. Бұл мақалада Қытайдың өз ішіндегі Батыс өңірді игеру стратегиялық жоспары туралы талқылаймыз.

Зерттеу әдістері

Қытайдың “Батыс өңір” атауының мағынасы мен мәнін айқындап, аталған өңірдің әлеуметтік, саяси, экономикалық мәселелері салыстырмалы талдау әдісі арқылы зерттеліп, стратегиялық, аналитикалық шолу жасалды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Зерттеудің деректік негізі – құжаттық дереккөздер кешені болып табылады. Ұсынылған мақалада Қытайдың Батыс өңіріне қатысты зерттеулер жүргізген батыстық, қытайлық, сондай-ақ қазақстандық зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды. Атап айтқанда қытайлық мұрағаттық құжаттармен қоса, Зың Фейюань секілді атақты ғалымдардың мәліметтері және “Қытайдың Батыс өңірді дамыту жоспары”, т.б. ресми құжаттар қарастырылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қытай Халық Республикасы 1978 жылы желтоқсан айында мемлекеттік XI кезекті III пленумында қабылданған “Әлеуметтік реформа жүргізу, есікті ашық ұстау” саясатынан кейін үлкен табыстарға қол жеткізді. Аталған қоғамдық реформа аясында шетелдерге ашықтық саясатын ұстанып, сыртқы қарым-қатынасын жандандырды. Өзелінде алдымен ауыл шаруашылық саласына, одан кейін сауда-өнеркәсіп саласына, әрі қарай ғылым-білім саласына кешенді реформа жүргізу арқылы жоспарлы экономикалық жүйеден нарықтық экономикалық бағытқа көшуге күш салды. Нәтижесінде экономикалық құрылым оңтайланып, жаңара бастады.

Бұл бағдарлама бойынша, алдымен Қытайдың Оңтүстік Шығыс теңіз жағалауларындағы аймақтарды, одан кейін Орталық және Солтүстік Шығыс өңірлерді дамыту жоспарлары іске асырыла бастады. Уақыт өте келе бұл бастамалар өз жемісін беріп, Қытайды биік белестерге шығарды. Алайда әлеуметтік экономика, ғылым-білім, өндірістік техника саласында Қытайдың Оңтүстік, Оңтүстік Шығыс, Шығыс, Солтүстік Шығыс, Орталық аймақтары дамып, елдің батыс, батыс солтүстік, батыс оңтүстік өңірлері артта қалды. Бұның өзі біртұтас елдегі әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарға алып келді.

Қытай Халық Республикасы XX ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап елдегі жоспарлы реформалардың жемісін көре бастады. Халықтың тұрмыс-тіршілігі жақсарып, мемлекеттің экономикалық қуаты артып, дүниежүзі елдерінің арасында экономикада жетекші елдердің қатарынан орын алды. Қытайда соңғы 30 жыл көлемінде елдің экономикасы өсіп, 2010 жылы әлемдік елдер арасында номиналды ЖІӨ-нің мөлшері бойынша екінші орынға шықты. Бұл көрсеткіш көлемі жағынан өте үлкен болғанымен, халық саны өте көп Қытайдың әрбір жан басына шаққанда табыс, халықтың тұрмыс деңгейі дамыған және орташа дамыған елдердің жан басына шаққандағы табыс мөлшерінен артта қалып кеткені байқалады.

1999 жылы наурыз айында Бейжіңде өткен мемлекеттік халық құрылтайының IX кезекті II Пленумында Қытай Төрағасы Цзян Цзэминь: “Орталық Комитет Орталық-Батыс аймақтарды игеруді жылдамдату бағдарламасын анықтады. Сондай-ақ бұл ел ішіндегі жағдайда үйлесімді дамытуға негізгі рөл ойнайтын аталмыш бағдарлама басты шарты ретінде қабылданып, қаржы саясатын белсенді түрде іске асырылады. Бұл біздің дамуымыздың ұлы стратегиялық идеясы болып табылады” [1] - деп мәлімдеді. Осы кезден бастап Батыс өңірді игерудің жоспарлары күн тәртібіне шықты. Қытай өзінің «Батыс бөлікті барынша игеру» стратегиялық жоспарын 2000 жылдан бастап жүзеге асыра бастады. Бұл Қытайдың кезең-кезеңімен, рет-ретімен іске асырып келе жатқан әлеуметтік даму бағдарламасының аса зор көлемдегі ең күрделісі болып табылады.

Ең алдымен Қытай Мемлекеттік жоспарлау Комитеті елдің Батыс аймағын игерудің нақты жоспарларын жасауға кірісті. Қытай Үкіметі алғашқы үш жыл ішінде мемлекеттік бюджеттің құрылыс қаражатынан Батыс аймаққа 270 миллиард юань жұмсаған. Бұдан басқа инфрақұрылымға 200 миллиард юань, әлеуметтік істерге 10 миллиард юань қаржы жұмсалған [1]. Одан кейін де жұмсалатын қаржының көлемі жыл сайын өсіп отырғандығы белгілі. Демек, бұдан Батыс бөлікті игеру науқаны жыл сайын қарқын алып келе жатқандығын байқауға болады.

Қытай еліндегі “Батыс өңір” деп аталатын аймақ – Шыңжаң, Ганьсу, Цинхай және Тибет өңірлерін қоса алғанда (4 млн. км²), тұтас Қытай территориясының тең жартысына жуығын құрайды, және территориялық жағынан теңіз-мұхиттан тым шалғайда орналасқан. Жалпы жан саны 60 миллион шамасында болса, оның ішіндегі аз ұлттардың жалпы саны шамамен 25 миллионнан астам адамды қамтиды. Батыс өңір теңіз-мұхиттан тым шалғайда жатыр. Аталған өңірлерде ұйғыр, тибет, қазақ, моңғол, дүңген, қырғыз, тәжік, салар, сары ұйғыр, т.б. аз ұлттар қоныстанған, жер түзілісі негізінен таулы, жазық, адырлы ойпат, биік үстіртті болып келеді, басым бөлігін шөл және шөлейт алып жатыр. Сонымен бірге бұл өңірде әлемдегі ең биік шың – Джомолунгма (8848 м.) және әлемдегі ең төменгі ойыстардың бірі – Тұрпан ойпаты (154 м.) бар. Қытайдың ежелгі деректеріне сүйенсек, “Батыс өңір” деп аталатын аумақ Қытайдың Ұлы қорғанынан бастап батысқа қарайғы өңірлер екендігі айтылады. Қытайлар Ұлы қорғанның сыртындағы халықтарды “Хулар” (варварлар, яғни жабайылар) деп атаған [2. 302 б.]. Қытайлар осыдан екі мың жыл бұрын Батыс өңірдегі мемлекеттер туралы деректер қалдырған. Қытай деректеріне негізделгенде, Батыс өңірдегі Үйсін мемлекетінде 120 мың түтін, 630 мың адам, 188 мың 300 әскер бар екені, Үйсіннен өзге қырық мемлекетте 39 мың 895 түтін, 309 мың 557 адам, 70 мың 499 әскері болған [2. 16 б.], яғни, сол замандағы Батыс өңірдегі халықтардың өз алдына хандық құрып, тәуелсіз өмір сүргені баяндалады. Қытайдың Хань патшалығы (б.з.д. 206-б.з.220 ж.) тұсында қолбасы Баң Чао қасына Шүй Ганды ертіп Батыс өңірге келген. Ол туралы деректе: «Үйсін елінің әскери күші мығым. Оның күшін пайдалану керек» - деп ойлаған Бан Чао патша сарайына хат жазып: “Үйсінде садақ тартуға жарайтын 100 мың жауынгері бар іргелі ел. Сондықтан Хань Уди Үйсін ханына бір ханшаны ұзатқан екен. Хань Суанди заманында оларды қолға қондырудың абзалдығын көрдік. Бүгінгі таңда елші жіберу арқылы олардың көңілін аулап, күш біріктіруге болады деді, патша мұны қабылдады” [2. 281б.].

Ертедегі Қытай деректерінде “Батыс өңір” атауы мынадай екі түрлі мағынада қолданылып, орныққан географиялық термин. Оның бірінші мағынасы: негізінен 1884 жылға дейін Шыңжаң өлкесін меңзейтін ұғым болса; екінші мағынасы: қазіргі ҚХР Ганьсу өлкесінің Юймингуань, Яңгуань қамалдарының батысындағы ұлан-ғайыр өлкелерді, яғни тұтас “Орталық Азияны” білдіретін ұғым ретінде қолданылады. Ал Орта Азияның нақты қамтитын аумағы ғылымда әлі толық айқындала қойған жоқ. Жалпы “Орта Азия” немесе “Орталық Азия” деген ұғымдар – нақты бір мемлекет аты немесе белгілі саяси аймақтың да атауы емес, яғни, ол – географиялық атау. БҰҰ жанындағы ЮНЕСКО-ның Орта Азия туралы зерттеулеріне қарағанда, бұл өңір бүгінгі Орта Азиядағы бірнеше республика мен ҚХР-ның Шыңжаң өлкесін, сондай-ақ Моңғолия, Ауғанстан, Пәкістан, Иран қатарлы елдердің территориясын қатар қамтиды [3. 5 б.].

Этнографиялық салаларда XVIII ғасырда өмірге келген Қытайдағы түркология ғылымының бастау көзі болып есептелетін “Батыс өңірге саяхат”, “Батыс өңірдегі бәдәуилер елі”, “Батыс өңір шежіресі”, “Батыс өңірден байқағандар” деген секілді іргелі еңбектерді аттап өте алмаймыз. Өйткені бұл еңбектер қазіргі Шыңжаң өңірі мен Орта Азия және Ұлы Жібек жолы бойындағы елдердің салт-дәстүрін, тарихы мен географиялық жағдайын, тіл-жазу мәдениетін зерттеуде ерекше маңызға ие. Ең бастысы, бұл - Қытайдағы түркология ғылымының басты құрамдас бөлігі болып табылады [4. 80 б.].

Батыс өңір – ежелден бері көптеген ұлттар аралас қоныстанып келе жатқан өңір. Сондай-ақ Қытай және Батыс мәдениетінің пайда болуы, алмасуы, таралуы осы аймақ

тұрғындары арқылы жүзеге асатындықтан, Батыс өңір тұрғындарының нәсілдік ерекшелігін зерттеу де ғылымдағы өзекті мәселенің біріне айналды. Нәсіл дегеніміз адам нәсілі мен ұлттық тектілікті өз ішіне алады [4. 57-58 бб.].

Қытайдың Батыс өңірінің табиғи байлығы мол. Бұл өлкедегі ресурстар көзі бүкіл елдегі мұнай-газ қорының көп бөлігін құрайды. Қытай үкіметі Батыс өңірді игеру стратегиясында “маңыздылардың маңыздысы ретінде Шыңжаңды жедел игеру” деп санайды. 2000 жылы Шыңжаңда “Шыңжаңды жедел игеру кеңесі” құрылды. Арнайы бағдарлама дайындап, Шыңжаңды жедел игерудің жоба-жоспарын жасады. 1. Аймақтың табиғи ресурстық әлеуетін негізгі өнімдер базасын кеңейту стратегиясына өзгерту, негіздік инфрақұрылымдық құрылыстарды дамыту, өндіріс құрылымдарын оңтайландырып, нарық сұранысы бойынша экономикалық іс-шаралар жүргізу; 2. Экономикалық өнімділікті жоғарылатуды шаруашылық істердің басты мақсатына айналдыру, ғылыми білім беру арқылы Шыңжаңды көркейту, белсенді түрде кадр мамандарын жетілдіру және қабылдау; 3. Әлеуметтік жүйеге жаңалықтар енгізу, сыртқа есік ашуды кеңейту арқылы Шыңжаңды игеруге ыңғайлы орта қалыптастыру; 4. Экономика, қоғам, қазба байлықтары мен қоршаған ортаны өзара үйлесімді дамыту; 5. Жер жағдайына қарай әлеуетті саланың белсенділігін арттыру, маңыздыларын алға қою; Әлеуеті күштілерді қолдау, жаңа экономикалық дамуды қалыптастыру; 6. Тұрғындардың кірісін және заттық мәдени тұрмыс деңгейін жоғарылату [5].

Біздің басты назарда тұрған Шыңжаң өңірі Қытайдың экономикалық дамуы, энергетикалық және әскери қауіпсіздігі мен геосаяси мүдделер тұрғысынан өте маңызды аймақ болып табылады. Демек, Шыңжаң – Қытайдың энергетикалық күре тамыры есептелінеді. Шыңжаңдағы Тарым ойпаты, Тұрпан-Құмыл алабы, Жоңғар ойпаты энергия өндірісінің маңызды аймақтары саналады. 2019 жылғы статистикалық мәліметтерге негіздесек, Шыңжаңдағы мұнай қоры 23 млрд. тонна, Қытайдың жалпы мұнай қорының 30%-ын, ал табиғи газ 16 трлн. текше метр, Қытайдың жалпы газ қорының 34%-ын құрайтындығы, сондай-ақ 2,19 трлн. тонна көмір бар екендігі болжанған. Қытайдың жалпы көмір қорының 40%-ын ұстайды [6]. Қытай – тұрақты экономикалық дамуын сақтап, үздіксіз өсіп келе жатқан қуатты ел. Бұл елдің энергетикалық қажеттілігі күн сайын артып, қазіргі таңда бүкіл әлем елдері бойынша жалпы энергия тұтынудың төрттен бірін құрайтыны белгілі болып отыр. Шыңжаң өлкесі Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Пәкістан, Үндістан, Моңғолия, Ресей қатарлы 8 мемлекетпен шекараласады. Шыңжаң шекарасының осыншама көп елдермен шектесіп жатуы Қытайдың энергия импортында маңызды дәліз болып табылады. Орта Азиядан Шыңжаң жері арқылы Орталық Азия-Қытай табиғи газ құбыры, Қазақстан-Қытай мұнай құбыры өтеді. Ежелгі Ұлы Жібек жолы, бүгінгі Батыс Қытай Батыс Еуропа тас жолы кесіп өтетін, тоғыз жолдың торабында орналасқан Шыңжаңның энергия өндірісі мен энергия тасымалында атқарар орны ерекше.

Қытайдың Батыс өңірді игеру стратегиясының қамтитын ауқымы кең, мерзімі ұзақ. Осы жоба аясында Батыс өңірдегі энергия көздерін пайдаланумен қатар, мемлекеттің тұтастығын қамтамасыз ету мақсатымен бір тіл, бір халық ұранымен біртұтас ұлттық мемлекет құру бағыты аясында автономиялы өңірлерге де ұлттық саясаттың жүргізіліп жатқаны байқалады.

Аз ұлттар шоғырлы қоныстанған Батыс өңірді игеру бағдарламасы аясында Ішкі Қытай өлкелерінен бірнеше миллиондаған халық арнайы бағдарламалар аясында қоныс аударды. Өңірдегі демографиялық өсім көшіп келушілердің үлесімен көбейді. Өңірде хань ұлтының саны артып, халықтар арасында бір-бірімен некеленгендер саны көбейіп, аз ұлттар шоғырлы қоныстанған өңірлердегі жергілікті халықтың тілі, діні, салт-дәстүр мәдениетіне орасан зор ықпал етті. Аз ұлттардың ұлттық тіл-жазуының қолданыс аясы тарыла бастады. Жер және табиғи ресурстардың жетіспеу мәселелері пайда бола бастады, өндірістік, ауылшаруашылық және ауызсуға деген сұраныс артып, өңірде су тапшылығын тудырды. Шыңжаң үкіметі мемлекеттің Батыс өңірді барынша игеру саясаты аясында аймақтағы су ресурстарын пайдаланудың жаңа әдіс-тәсілдерін жарыққа шығарды. Мысалы, Үрімжі, Қарамайлы қалаларының су тапшылығын шешу үшін Алтай тауларынан бастау алатын Қараертис суын оңтүстікке қарай бұрып, Жоңғар ойпаты арқылы Қарамайлы қаласына дейінгі каналды іске қосты. Ертіске құятын Буыршын өзенін буып, Үрімжі қаласына жеткізетін ірі канал құрылысы салынып жатыр. Іле өзені Балқаш көліне құятын сулардың 80%-ын құрайды. Ал, Текес өзені Іле өзені суының 50%-ын құрайды. Текес ауданының Қаратоғай ауылы мен Тоғызтарау ауданының Жырғалаң ауылының түйіскен жерінен Текес өзенін екі жерден буып, Тоғызтарау және Шапшал аудандарындағы Үйсін тауының солтүстік бөктеріндегі шөлейтті аумақтарды суландырып, тың жерлерді ауылшаруашылығына пайдалану жобасы іске асырылды. Солтүстіктің суын оңтүстікке бұру жобасы аясында Текес өзенінің негізгі бөлігі саналатын Көксу өзенінің суын Бозадыр таулы шатқалынан буып (теңіз деңгейінен 1700 метр биік), оңтүстіктегі Ақсу аймағының Бай ауданына жеткізу, ондағы сусыз жерлерді суландыру, өңірдің экологиялық мәселесін шешуді көздейді. Моңғолкүре ауданындағы Ақаяз өзенінің (теңіз деңгейінен 2189 метр биік) де суын оңтүстіктегі Бай ауданына асыру жоспары бар екені айтылуда. Бұның бәрі іске асса, Ақсу аймағының су мәселесін шешуде маңызды рөл атқарғанымен, орташа тереңдігі бес метрден аспайтын Балқаш көлінің тағдыры алаңдатады. Қазақстан-Қытай су қатынастарына қатысты мәселелер бірінші кезекте Ертіс пен Іле өзендерін қамтиды. Қазақстан аумағындағы Ертіс бассейнінде екі жарым миллион адам тұрады. Қазақстан үкіметі тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап трансшекаралық өзендердің проблемасын басымдық берілетін проблема ретінде қарап, 1992 жылы тиісті келісімнің қазақстандық жобасы Қытай тарапына табыс етілді. Шыңжаң ұйғыр автономиялы ауданының мұнай-газ орталығы Қарамай қаласына Қара Ертіс өзенінен канал тарту құрылысын Қытайдың жедел қолға алғанынан хабардар бола отырып, қазақстандықтар өз ұсыныстарын Қытайдың жеделдетіп қарауын тұрақты түрде еске салып отырды. 1997 жылы Қазақстан, Қырғызстан және Ресей мемлекеттері әр қайсысы жеке-жеке Қытай тарапына трансшекаралық өзендердің мәселелері бойынша қысқаша жазбалар жіберді. Қытай Төрағасы Цзян Цзэминьнің “Қытай бұл мәселеде ұлттық эгоизмге жол бермейді” деген ресми мәлімдемесінің үлкен маңызы бар [7].

Соңғы жылдары Қытайда Шыңжаң, Цинхай, Ганьсу қатарлы Батыс өңірлердің су тапшылығын шешу үшін Тибет жерінен бастау алып, Үнді мұхитқа құятын өзен-көлдердің суын пайдалану туралы бастамалар көтеріліп келе жатыр.

Ғаламдық су тапшылығы – өте күрделі экологиялық мәселе. Жер бетінде су тапшылығынан зардап шегіп отырған халықтар аз емес. Ал, халқы миллиардтан астам

Қытайда суға деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Қытайдың Батыс өңірді барынша игеру жобасы аясында ХХІ ғасырда Шыңжаңның жан саны 50 миллион адамға жетуі мүмкін деген болжам бар. Алдымен Батыс өңірдің су мәселесін шешіп алу маңызды болмақ. Біраз жылдан бері су мәселесі туралы Қытайда көптеген ғалымдар зерттеулер жасап, ел арасында талқылаулар болды. Солардың ішіндегі ең ұтымдысы Гималай тауларынан бастау алатын өзендерді солтүстікке бұрып, Тибет-Цинхай үстіртінен ағатын өзендердің суларымен қосып Шыңжаң, Ішкі Моңғол, Цинхай және Ганьсу өлкелеріне жеткізу жолдары қарастырылған. Бұл жөнінде арнайы мамандар зерттеулер жүргізген. Олардың көздеген ең негізгі су көзі – Гималай тауының солтүстік бөктерінен бастау алып, батыстан шығысқа қарай ағатын Брахмапутра (Ярлұңзаңбо) өзені болмақ. Брахмапутра өзенінің жалпы ұзындығы 2900 шақырым. Су жинау алабының ауданы 935 мың км². Ол Тибет (Қытай), Үндістан, Бангладеш елдерінің аумағы арқылы Бенгал шығанағына құяды. Сағадағы орташа шығыны шамамен 12 мың м³/сек, ең жоғарысы 15 мың м³/сек асады (жазда), ең азы (қыста) 4000 м³/сек. Төменгі ағысында су деңгейінің көтерілуі 10-12 м жетеді және жиі су тасқынымен бірге жүреді [8].

Қытай Брахмапутра өзенін Тибеттің Ниңчы облысынан (теңіз деңгейінен 2558 метр биік) оңтүстік шығысқа қарай бұрып, Юннанның солтүстігі арқылы Сычуань, Цинхай өлкелерінің аумағын басып Лужияң, Лансаңжияң, Янцзы (Чаңжяң), Хуанхэ өзендерінің басқы ағарларымен жалғап, Ганьсу, Шыңжаң, Ішкі Моңғол өңірлеріне жеткізуді жоспарлайды. Шыңжаң жеріне барғанда су теңіз деңгейінен 1300 метр биіктікте болады. Бұл каналдың жалпы ұзындығы 6188 шақырым болмақ. Әрине, бұл жоспар бірер жылдың ішінде іске асатын жұмыс емес, ғасырлық жоба болмақ. Өйткені, Тибет үстіртінен канал қазып, су өткізу аса қиын жұмыстардың бірі. Алайда, бұл суды алдымен Ганьсу өлкесінің батысына, шығыс Шыңжаң мен оңтүстік Шыңжаңға апару көзделген. Тағы бір айта кетерлігі, Қытайдың бұл жоспарына Үндістанның қандай қабақ танытатыны қазірше белгісіз. Десе де, Брахмапутра трансшекаралық өзен болып табылады.

Қытайдың Батыс өңірді игеру жоспары ел ішіндегі экономикалық-әлеуметтік теңсіздіктерді шешумен қатар ел іргесін бекемдеп, біртұтас халықтық күшке айналып, тұрақтылықты сақтап, мемлекеттің ұлы мақсатын іске асырып жатыр. Сонымен қатар сыртқа бағытталған “Бір белдеу, бір жол” бастамасы Қытайды Азия, Африка, Еуропа елдерімен біріктіретін көлік дәліздерін дамытып, сауда және инвестицияның дамуына жол ашады.

Қытайдың жағдайы тұрғысынан алғанда, ресми Бейжіңнің Орталық Азияға қатысты дипломатиясы соңғы он жылдықтың ауқымында жаңа дәуірге аяқ басты, бұл ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің 2013 жылдың қыркүйегінде Қазақстандағы “Жібек жолының экономикалық белдеуі” туралы алғашқы ұсынынан айқындалды. “Бір белдеу, бір жолды” бірлесіп құру мүмкіндігін пайдалана отырып, Қытай мен Орталық Азия елдері ынтымақтастықтың жаңа өрлеуіне жол ашты. Қазіргі уақытта, Қытай Орталық Азия елдерінің негізгі экономикалық және сауда серіктесі және инвестиция көзі болып табылады. Қытай нарығы Орталық Азия елдері үшін де тартымды болып келеді. Қытайдың Орталық Азия елдеріне ықпалы бұрын-соңды болмаған қарқынмен үлкен кеңістікке жетті. Әсіресе Қытайдың “Бір белдеу, бір жол” бастамасын іске асыру Орталық Азияның экономикалық дамуына күшті серпін беріп ғана қоймай, сонымен қатар

бүкіл аймақтың жағдайы мен даму беталысына ықпалын арттырады. Бейжіңнің “Бір белдеу, бір жол” салмақты стратегиялық саясатына ауысқан сайын, Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық ықпалы одан әрі артады деп күтілуде. Сонымен бірге “Бір белдеу, бір жол” бағдарламасы аясында, Қытай ұсынған “Ортақ кеңесу, бірге құру, ортақ игіліктену”, “ашықтық, жасылдық және тазалық” сияқты жаңа тұжырымдамалары мен ұсыныстарын ОАА елдері белсене қабылдай бастады. Осылайша, Қытайдың ОАА елдеріне ықпалы айтарлықтай өсе бастаған. Міне, осындай жағдайлардан кейін, Қытайды тежеу мен шектеу АҚШ пен жақтастарының ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаты екенін анықтайтын үрдіс тарих сахнасына шықты [9].

Қытай басшылығының “Қытай арманын” жүзеге асыру тетіктерінің маңызды тетігі саналатын “Бір белдеу, бір жол” бастамасы, Қытай тарапының жіті кірісуімен көкжиегін кеңейтіп, ауқымын ұлғайтып, әлемдік аренада теңдессіз жоба ретінде танылып келеді. Онымен бірге, белдеу елдерінің экономикасы мен саудасына, инвестициялау мүмкіндігіне, халқының жұмыспен қамтылуына, өндірістік әлеуетінің артуына, инфрақұрылымнан пайда алуына тиісті ықпалын тигізу үстінде. Бастама аясында 2022 жылдың алғашқы жартысына дейін Қытай әлемдегі 140-тан астам мемлекет және 32 халықаралық ұйымдармен әр деңгейдегі 206 ынтымақтастық хаттамасы, ынтымақтастық жоспары, ынтымақтастық бағдарламасы, серіктестік келісімді атқару жобасы секілді деңгейлерді қамтиды. 90 мемлекетпен өзара екіжақтылы ынтымақтастық механизмдерін қалыптастырды [10].

Қытайдың қазіргі қуатты экономикасы мен жылдам дамыған озық технологиясы, аса көп жан саны көрші елдердің көңіліне күдік ұялататыны рас. Өйткені ел ішінде, Қытайдың қуатты экономикасы көрші елдердің өндірісі мен экономикасын тығырыққа тіреп, демографиялық тасқынның таптап кету қаупі бар екені айтылуда.

Сондай-ақ Қытайдың қазіргі әскери саясаты ұлттық стратегияға бағытталған, негізгі мақсаты ретінде 2035 жылға дейін заманауи қауатты армияны жасақтау болса, 2049 жылға дейін әлем бойынша ең қуатты, озық қаруланған алдыңғы қатардағы армия құру болып табылады. Сонымен бірге, Азия-Тынық мұхит аймағындағы басқа державалардың ықпалын әлсіретіп, осы аймаққа көшбасшы ретінде орнығуды көздейді. Қытайдың экономикада, ғылым-білім техникада, өндірісте жеткен теңдессіз жетістіктері елдің күш-қуатын күннен-күнге арттырып келеді. Күшті экономикамен бірге әскери қуатының ұлғаюы дүниежүзілік саясаттағы белсенді рөлін қалыптастырды.

Қорытынды

Қытай Батыс өңірді барынша игеру саясаты арқылы әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктерді жойып, біртұтас іргелі ел құрып, ішкі тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтап, ұлтаралық қатынастарды реттеп, автономиялы өңірлерде қытайлық ерекшелікке ие автономия үлгісін жасап, ұлттық мәселелерді түбегейлі шешіп, бір тілде сөйлейтін Жұңхуа (қытай) халқын қалыптастыруды көздейді. Қытайдың Батыс өңірді игеру стратегиясы – Қытай Халық Республикасының жалпы әлеуметтік-экономикалық даму беталысының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Қытайдың Батыс өңірді игеру стратегиялық жоспары экономиканың бір ғана саласын өркендету ғана емес, осы

өңірді жалпы қоғамды комплексті түрде дамытуды көздейді. Көп ұлтты мемлекеттерде ұлтаралық қатынастар күрделі мәселе болып саналады. Ежелден бері ел бірлігі мен халық ынтымақтастығы Қытай халқының тарихындағы басты мәселе болатын. Бұл – Қытайдың дамуы мен өркендеуінің кепілі ретінде қарастырылады. Ұлттық бірлік пен халықтар татулығын сақтаудың көпұлтты мемлекет үшін алар орны ерекше.

Жоғарыда айтылғандай, Қытайдың Батыс өңір деп аталатын аймағының бір бөлігін Шыңжаң өлкесі алып жатыр. Қытай бұл аймаққа XVIII ғасырдың екінші жартысынан бері қарай иелік етіп келеді. Шыңжаңның байырғы тұрғындары қатарында ұйғырлармен бірге қазақ халқы да бар.

Қазіргі кезде бүкіл әлем елдері арасында ұлттық мәселенің шиеленісуінен ұлтаралық қақтығыстар туындап жатыр. Ұлттық мәселе әрдайым діни сеніммен, ұлттық салт-дәстүр мәдениетімен байланысты болып келеді. Ұлттардың бір-бірінен айырмашылығы оның тілінде ғана емес, діни мен мәдениетінде жатыр. Ұлттық мәселелерді шешу барысында діни салада да саясат жүргізіледі. Ел ішіндегі ұлттар мәселесін түбегейлі шешудің жолы – оларды бір халыққа айналдыру екендігін мемлекет билігін ұстаған үстем ұлттар ежелден жақсы біледі. Қытайдың Батыс өңірді игеру жоспары ұлттық мәселені шешудің тағы бір жолы екені анық.

Әдебиеттер тізімі

1. 曾飞远 (Зың Фейюань) 西部地区发展国家报告 [Мемлекеттік Батыс бөлікті игеру жөніндегі есеп-материалдары]. – Бейжің, 2003. – 555 б.
2. Ахметұлы Ш. Ежелгі Үйсін елі, Қытай деректері мен зерттеулер. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2005. – 350 б.
3. Чжуңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер (1 том). – Бейжің: Ұлттар баспасы, 1998. – 739 б.
4. Мәсімханұлы Д. Қытайдағы түркологиялық зерттеулер. – Алматы: Алгоритм, 2023. – 204 б.
5. 新疆年度报告数据收集 [Шыңжаңның жылдық мәліметтер жинағы]. – Үрімжі, 2001. – 80 б.
6. Қытай ұлттық мұнай компаниясы. Шыңжаңның мұнай саласындағы соңғы жетістіктері [Электронды ресурс] – 2019. URL: <http://news.cnpc.com.cn/system/2019/08/07/001739969.shtml>. (қаралған күні: 21.06.2024).
7. Абдулпаттаев С. Халықаралық қатынастар және Қазақстанның сыртқы саясаты. – Алматы: Қарасай, 2006. – 216 б.
8. Брахмапутра [Электронды ресурс]. – 2001. – URL: <https://www.booksite.ru/fulltext/1/001/008/001/193.htm> (қаралған күні: 12.05.2024).
9. Мәсімханұлы Д. Шығыс әлемі: Аңыз бен шындық. – Алматы: ЖШС “Литера-М” баспасы, 2023. – 448 б.
10. Әбиденқызы А., Қадылғазыұлы Қ. Қытайдың “Бір белдеу, бір жол” стратегиясы және Қазақстанның экономикалық мүддесі. – Алматы: Алгоритм, 2023. – 312 б.

References

1. Zeng Feiyuan 曾飞远. 西部地区发展国家报告 [National Report on the Development of the western region] (Beijing, 2003, 555 p.) (in Chinese).
2. Ahmetuly Sh. Ezhelgi Ujsin eli, Qytaj derekteri men zertteuler [Ancient Homeland, China Data and Research] (Xinjiang People's Publishing House, Urumqi, 2005, 350 p.) [in Kazakh].
3. Zhongguo tarihnamalaryndagy qazaqqa qatysty derekter [Data related to Kazakhs in Zhongguo historiography] (Nations Publishing House, Beijing, 1998, 739 p.) [in Kazakh].
4. Masimhanuly D. Qytajdagy turkologiyalyq zertteuler [Turkological studies in China] (Algorifm, Almaty, 2023, 204 p.) [in Kazakh].
5. 新疆年度报告数据收集[Xinjiang Annual Report Data Collection] (Urumqi, 2001, 80 p.) (in Chinese).
6. Qytaj ulttyq munaj kompaniyasy [China National Company]. Shynzhannyn munaj salasyndagy songy zhetistikteri [Xinjiang's latest oil breakthroughs] [Electronic resource]. URL: <http://news.cnpc.com.cn/system/2019/08/07/001739969.shtml>. (accessed: 21.06.2024) [in Kazakh].
7. Abdulpattaev S. Halyqaralyq qatynastar zhane Qazaqstannyn syrtqy sayasaty [International relations and foreign policy of Kazakhstan] (Qarasay, Almaty, 2006, 216 p.) [in Kazakh].
8. Brahmaputra [Electronic resource] Available at: <https://www.booksite.ru/fulltext/1/001/008/001/193.htm> (accessed: 12.05.2024).
9. Masimhanuly D. Shygys alemi: Anyz ben shyndyq [Eastern world: legend and reality] (Litera-M, Almaty, 2023, 448 p.) [in Kazakh].
10. Abidenkyzy A., Kadylgazyuly K. Qytajdyn "Bir beldeu, bir zhol" strategiyasy zhane Qazaqstannyn ekonomikalyq muddesi [China's "One Belt, One Road" strategy and Kazakhstan's economic interests] (Algorifm, Almaty, 2023, 312 p.) [in Kazakh].

Д. Масимханұлы, Е. Жомарт, Т. Қадыл

Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

Программа развития Западного региона Китая и ее политическое и экономическое влияние на Казахстан

Аннотация. В статье особое внимание будет уделено так называемому Западному региону Китая, а также будут освещены причины возникновения стратегического плана освоения Западного региона, условия реализации и его влияние на меньшинства Западного региона. Также в рамках программы Западного региона Китая речь идет о политическом, социально-экономическом положении населения Западного региона, стратегическом плане Китая международного значения "Один пояс, один путь".

Цель работы состоит в том, чтобы проанализировать причины возникновения и реализацию плана максимального освоения Китаем Западного региона, который оказался для нас слишком загадочным, проанализировать проводимую им политику с точки зрения национальных и государственных интересов, а также проанализировать влияние этого плана на Казахстан.

Ключевые слова: Западный регион Китая, меньшинства, Казахстан, Китай, Один пояс, один путь, Синьцзян, водные проблемы.

D. Masimkhanuly, E. Zhomart, T. Kadyl

Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Almaty, Kazakhstan

China's Western region development program and its political and economic influence on Kazakhstan

Abstract. The article will pay special attention to the so-called Western region of China and will also highlight the reasons for the emergence of the strategic plan for the development of the Western region, the conditions for its implementation and its impact on the minorities of the Western region. Also, within the framework of the program of the Western Region of China, we are talking about the political, socio-economic situation of the population of the Western region, China's strategic plan of international importance "One Belt, One Road".

The purpose of the work is to analyze the causes and implementation of the plan for China's development of the Western region, which turned out to be too mysterious for us, to analyze its policy from the point of view of national and state interests, as well as to analyze the impact of this plan on Kazakhstan.

Keywords: Western region of China, minorities, Kazakhstan, China, One Belt, one Road, Xinjiang, water problems.

Авторлар туралы мәлімет:

Мәсімханұлы Д. – филология ғылымдарының докторы, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас директоры, Алматы, Қазақстан.

Жомарт Е. – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Қадыл Т. – PhD, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Massimkhanuly D. – Doctor of Philology, General director of the R.B.Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Zhomart E. – Master of Humanities, Researcher of the R.B.Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Kadyl T. – PhD, Researcher of the R.B.Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



МРНТИ 17.09.91

Научная статья

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2024-147-2-208-221>

Тюркское несторианство в Казахстане и на сопредельных территориях

Р.К. Каликов*¹, Р.М. Валеев²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

²Казанский (Приволжский) федеральный университет, Казань, Российская Федерация

(E-mail: ¹k_rusenu@mail.ru, ²valeev_rm2@inbox.ru)

Аннотация. Статья посвящена вопросу распространения христианства несторианского толка в среде средневековых тюрков Центральной Азии.

Христианство несторианского толка в определенный период было самым распространенным христианским течением на территории Центральной Азии и сопредельных территориях, имея значительное влияние. В отдельных регионах Казахстана несторианство получило значительное развитие, свидетельством чего являются многочисленные археологические материалы и письменные источники.

Христианство несторианского толка связано с учением византийского архиепископа Нестория, выходца из Сирии, вставшего во главе Константинопольской епархии в 428 г. Диофизитское учение Нестория, в основе которого лежит представление о двойственной природе Иисуса как бога и человека.

Целью данной статьи является обзор имеющихся источников по тюркскому несторианству, попытка их классификации, анализ материалов. Источники по истории тюркского несторианства в Казахстане и на сопредельных территориях можно поделить по происхождению на сирийские, персидские, арабские, византийские, китайские, собственно тюркские и сиро-тюркские. Важнейшую роль играют данные археологических раскопок, эпиграфические материалы. Авторы статьи анализируют содержание Суджинской надписи и других текстов, исследуют сущность идей несторианства, раскрывают историю зарождения и распространения тюркского несторианства.

Ключевые слова: тюрки, христианство, христиане, несторианство, средневековье, великий шелковый путь.

Поступила: 04.09.2023; Принята: 14.06.2024; Доступна онлайн: 28.06.2024

Введение

В раннесредневековой Центральной Азии были распространены различные ответвления христианства. Это и сирийская яковитская церковь, и представители православной церкви, и армяне-халкидоняне и др. [1, с. 39]. Однако из всех ответвлений христианства в регионе в средние века наибольшее распространение получило христианство несторианского толка. Данное направление связано с учением византийского архиепископа Нестория, выходца из Сирии, вставшего во главе Константинопольской епархии в 428 г. Диофизитское учение Нестория, в основе которого лежит представление о двойственной природе Иисуса как бога и человека, впоследствии было осуждено в Византии как ересь [2, с. 158], однако распространилось и получило дальнейшее развитие на востоке. В частности, в 486 г. оно было принято автономной персидской церковью.

Говоря о численности христиан различных толков, аль-Бируни в своем труде конца X в. «Памятники минувших поколений» говорит, что мелькиты (православные) и несториане превосходят по численности представителей всех других направлений, а также что большая часть населения Сирии, Ирака и Хорасана являются несторианами [3, с. 317].

Методы исследования

Целью исследования является обзор имеющихся источников по христианству несторианского толка у древних тюркских племен, попытка их классификации, анализ письменных и материальных источников.

Методологической основой исследования являются следующие научные методы: историзм, анализ, диахронический анализ, контекстный анализ, герменевтический анализ и историко-сравнительный метод.

Обсуждение и результаты

Вопросами, связанными с проблемой распространения несторианства в Центральной Азии в разное время, занимался целый ряд исследователей, среди которых можно назвать, в частности, таких ученых, как В.В.Бартольд [4], А.Мингана [5], Л.Р.Кызласов [6], А.Атия [7], Е.И.Кычанов [8], Л.Н.Гумилев [9], А.Б.Никитин [10], М.Диккенс [11].

Отметим отдельно вопрос языка сиро-тюркских надписей, который сформировался в Семиречье и Восточном Туркестане и, будучи по сути тюркским, имел большое количество сирийских заимствований, графически передавался с помощью модифицированного сирийского алфавита. Различными вопросами, связанными с данным языком, занимались Д.А.Хвольсон [12; 13], П.К.Коковцев [14], С.Е.Малов [15], Н.В.Пигулевская [16; 17], Ч.Джумагулов [18; 19].

По всей видимости, в среднеазиатский регион, в частности, в Бактрию, христианство проникает гораздо раньше конца V в. Так, сасанидский правитель Кавад I, в 498 г. вынужденный из-за внутренних распрей бежать к эфталитам, получает помощь от христианской общины, что говорит о наличии сложившейся христианской общины:

«Кавад спасся и отправился в страну тюрков... Он обратился за помощью к правителю тюрков и тот отправил войско с ним в его страну, и он сверг Замаспа после двух лет царствования. Он убил нескольких магов и многих заключил в тюрьму. Кавад был благосклонен к христианам, потому что они оказали ему услугу на его пути к правителю тюрков» [5, с. 302-303].

Несмотря на то, что в рукописи, процитированной выше, упоминается правитель тюрков, речь идет, по всей видимости, об эфталитах, так как в указанное время тюрки еще не вышли на международную арену. Об этом говорит и хроника Иешу Стилита:

«Воцарился вместо него у персов Замашп, брат его. Кавад же взял себе у гуннов в жены дочь своей сестры. Его сестра была там взята в плен во время войны, в которую был убит его отец, а так как она была дочерью царя, то стала женой гуннского царя, и от него у нее была дочь. Когда Кавад бежал туда, она дала ее ему в жены. Он приободрился, породнившись с царем, и плача перед ним ежедневно, просил его дать ему войско в помощь, чтобы он пошел истребить знать и утвердиться в своем государстве. И дал ему его тесть немалое войско, по его просьбе» [20].

Известно также, что в 549 г. несторианский патриарх Мар-Абу назначил в Бактрии епископа по просьбе эфталитов-христиан. Данный факт показывает институционализацию церкви в Средней Азии в VI в., которая, очевидно, лишь закрепила результат процесса распространения христианства в регионе.

В Маргиане христианство, возможно, появилось еще раньше. Ряд раскопок в древнем Мерве показывает наличие христианских захоронений, датирующихся III в. н.э. [21, с. 10]. А.Б.Никитин допускает проникновение христианства в Мерв к концу I – началу II вв. н.э. [22, с. 164].

В 60-е гг. VI в. в результате объединенных действий Ирана и тюрков под руководством Истеми государство эфталитов было разгромлено, значительная часть Средней Азии оказалась под властью тюрков. По-видимому, в результате этих походов тюрки знакомятся с христианством и частично перенимают его, если не полностью, то, по крайней мере, некоторые его внешние атрибуты. В частности, известен случай, когда в 591 г. взятые в плен тюрки, воевавшие на стороне Бахрама Чубина, персидского военачальника, носили на лбах знак в виде креста.

Об этом упоминает в своей «Истории» Феофилакт Симокатта: *«Но ромейское войско, окружив этот холм, одолело отряд беглецов. Многих из них, взяв в плен, привели связанными к Хосрову. (13) Некоторых из них персидский царь отдал на суд мечей, других же отдал растоптать слонам. Узнав, что некоторые из взятых в плен принадлежат к племени тюрков, он, прославляя мощь ромеев, отправил их к императору Маврикию в качестве первых победных даров. (14) На лбу у этих пленников был вырезан знак страданий господних. У исповедующих христианскую религию он называется крестом. Император стал спрашивать у варваров, что означает этот знак. (15) Они ответили, что получили его от матерей: когда у живших на востоке разразилась сильная моровая язва, то, по настойчивому совету некоторых из христиан, они острием накололи на лбу мальчиков этот знак. Так как варвары не отвергли этого предложения, то те получили спасение от этого совета» [23, с. 615-616].*

Есть также полулегендарные сведения об обращении большого количества тюрков в христианство митрополитом Мервским Илией в середине VII в. В частности, история о данном обращении приводится в анонимной Хузистанской хронике, которая была опубликована Игнацио Гвиди в 1891 г.

«Илия, митрополит Мерва, обратил большое число тюрков... Во время поездки в страны, расположенные за линией границы (река Окс - Амударья) его встретил правитель, который собирался сражаться с другим правителем. Илия попытался длинной речью отговорить его от боя, но царь сказал ему: «Если ты покажешь мне знак, подобный тем, которые показывают жрецы моих богов, я поверю в твоего Бога». Правитель приказал жрецам демонов, сопровождавших его, и они призвали демонов, которым поклонялись, и тотчас небо покрылось тучами, начался ураган, раздались громы и молнии. Илия, движимый божественной силой, сотворил крестное знамение и все исчезло. Когда правитель увидел, что сотворил Илия, он пал ниц и поклонился ему и обратился (в христианство) вместе со всем своим войском. Святой привел их к ручью, крестил их всех, рукоположил им священников и диаконов и вернулся в свою страну» [24, с. 39].

Приведенные сведения из жития мервского митрополита Илии, разумеется, фантастичны и, по всей видимости, частично заимствованы из Библии. Однако территория за рекой Окс, упомянутая в тексте, после разгрома эфталитов действительно входила в зону влияния Западно-Тюркского каганата. Помимо упоминавшейся выше Бактрии, Согдиана также была одним из крупных центров христианства несторианского толка. Согдийцы в целом сыграли значительную роль в распространении религий на восток по Великому Шелковому пути, в частности, и в распространении среди тюрков буддизма и манихейства [25, с. 57]. Христианство не стало исключением. В Восточном Туркестане было найдено значительное количество согдийских христианских текстов, в Самарканде была основана митрополия.

К VIII в. христианство, наряду с буддизмом и манихейством, стало одной из основных религий Семиречья и Восточного Туркестана.

Так, на территории Семиречья известны археологические свидетельства присутствия христианства. Для примера таковых можно назвать материалы с раскопок Ак-Бешима, Тараза, Илибалька, Койлыка. В частности, на городище Ак-Бешим, в Кыргызстане, были исследованы христианский некрополь VI-VII вв., а также церковь, датируемая VIII в. [6, с. 155-242]. Известны христианские захоронения в некрополе Тараза, кроме того, при раскопках городища Тараз были обнаружены сирийские и согдийские надписи на керамических обломках (Бернштам). Примечательна сиро-тюркская надпись на хуме, найденном на Краснореченском городище (Кыргызстан): «Этот хум предназначен для учителя Йарук-тегина. Мастер Пастун. Пусть будет он наполненным, аминь, аминь!» [26, с. 68]. Сирийский термин «учитель» в данном случае свидетельствует об отношении к несторианству, тюркское же имя говорит о тюркском (карлукском) происхождении Йарук-тегина. Известны находки носильных крестов, в частности, на городище Красная речка и в некрополе Костобе [27, с. 68; 28, с. 12-13].

Примерно в 781 году нашей эры Тимофей, несторианский патриарх, писал в своем письме к маронитам, что некий правитель тюрков перешел в христианство вместе с народом:

«Царь тюрков, почти со всеми (жителями) его страны, оставил свое древнее идолопоклонство и стал христианином, и он просил нас в своих письмах дать митрополита для его страны и это мы сделали».

В письме к маронитам №41 Тимофей пишет:

«Ибо вот, во всех землях Вавилона [Багдада], Парса [Персии] и Атура [Ассирии], и во всех восточных землях, и среди Бет-Хиндувайе и даже среди Бет-Шинайе, среди Бет-Туптайе и то же самое среди Бет-Тюркайе и все эти владения под этим патриаршим престолом...» [11, с. 118].

В данном письме перечислены епархии Восточной Церкви, среди которых упоминаются Китай (Бет-Шинайе), Тибет (Бет-Туптайе) и некая тюркская епархия (Бет-Тюркайе).

Речь идет, по всей видимости, о карлуках, территория которых входила в список несторианских митрополий XIV в. К моменту составления списка, карлуки как этнополитическое объединение уже не существовали, однако список включал в себя все митрополии, которые когда-либо функционировали.

В IX в. ислам активно теснит христианство по всему пространству среднеазиатского региона, однако в Семиречье христианские общины продолжают существовать. Об этом говорит, в частности, большое количество надгробных надписей на сирийском и тюркском языках, исследованных в регионе. Известна надгробная надпись кузнеца (темирчи) Георгия, христианина-тюрка из Сарыга, датирующаяся XI-XII вв., а также христианские надгробия XIII-XIV вв. из Кыргызстана и Казахстана [10, с. 127-128].

Сохранение христианства несторианского толка в Семиречье в монгольскую эпоху подтверждают и раскопки последних лет на городище Илибалык. Среди материалов, датирующихся XIII-XIV вв., исследованы надгробные камни с изображениями крестов и надписями на сирийском и тюркском языках, написанные сирийским шрифтом. В частности, на камнях упоминаются Баршабба Куш, Петрос, сын Тегина, «верующая Ширин», «учитель Феврония». Сочетание сирийского шрифта, ограниченного использования сирийского языка и тюркских имен позволяет исследователям предположить, что повседневным языком христиан Жетысу был тюркский, но сирийский язык ограниченно использовался как язык церковной литургии [29].

О несторианском поселении и храме поблизости от Каялыка сообщает и Гийом де Рубрук в XIII в.: *«Итак мы выехали из вышеупомянутого города [Кайлака] в праздник святого Андрея и там поблизости, в трех лье, нашли поселение совершенно несторианское. Войдя в церковь их, мы пропели с радостью, как только могли громко: «Радуйся, Царица», так как уже давно не видали церкви»* [30, с. 133].

Он же пишет о Семиречье: *«Земля эта прежде называлась Органум, и жители её имели собственный язык и собственные письмена. Но теперь она была вся занята туркоманами. Этими письменами и на этом языке несториане из тех стран прежде даже справляли службу и писали книги»* [30, с. 126].

Остановимся несколько подробнее на сиро-тюркских надгробных камнях монгольского времени, дающих богатый эпиграфический материал. Прежде всего это памятники из Кыргызстана, число находок которых, согласно Ч. Джумагулову, составляет более 700 единиц [31, с. 38]. Кроме того, известны сиро-тюркские рукописи, в частности, третий

фрагмент рукописей Кара-Хото, а также турфанская рукопись в Восточном Туркестане, наскальная эпиграфика в Средней Азии.

Что касается Восточного Туркестана, то христианство также проникает туда достаточно рано, по всей видимости в V-VI вв. После распада Уйгурского каганата та часть уйгуров, что закрепилась в Восточном Туркестане также попала под влияние уже бытовавшего в данном регионе христианства. Широко известно, что достаточно долгое время в среде уйгуров доминирующее положение занимало манихейство, пользующееся покровительством правящего дома [32, с. 2572]. Манихейцы, используя свое положение, оттеснили другие религии, вели активную миссионерскую деятельность, однако с уничтожением каганата довольно быстро стали терять позиции. Не исчезнув окончательно, уйгурское манихейство было вынуждено мириться с другими религиями. В частности, в пределах Уйгурского Турфанского идыкутства (IX–XIII вв.), христианство, наряду с манихейством и буддизмом, было представлено достаточно хорошо.

В частности, говоря об уйгурах, Гийом де Рубрук сообщает: «Прежде всего назову Югуров, земля которых соприкасается с вышеупомянутой землей Органум, именно между названных гор в восточном направлении, во всех городах их перемешаны несториане и саррацины» [30, с. 127].

Существует значительное количество христианских письменных источников данного региона, большая часть которых представляет собой согдийские христианские тексты. Будучи одной из главных движущих сил Великого Шелкового пути, согдийцы активно распространяли христианство. Влияние согдийцев в распространении христианства было настолько велико, что согдийский язык стал вторым после сирийского языком несториан. Основную часть согдийской христианской литературы составляли переводы священных текстов, теологических сочинений, молитв и гимнов [10, с. 126].

Так, анализируя корпус найденных в Турфане письменных фрагментов, написанных сирийским шрифтом, количество которых составило более тысячи, Э.Хантер приводит следующую статистику:

- 1) согдийский язык – 550;
- 2) сирийский язык – 519;
- 3) уйгурский – 52;
- 4) новоперсидский – 3;
- 5) среднеперсидский – 1 [33, с. 304].

Среди христианских рукописей, написанных на уйгурском языке, до нас дошли тексты молитв, переводные записи различных легенд библейского содержания, фрагменты жития святого Георгия.

Определенный интерес как очередное свидетельство существования сиро-тюркского языка представляет третий фрагмент рукописи, найденной в Кара-Хото.

1. ał ... s ka kuč ... t bi
2. tmiz išo mšiha ning kuč b...
3. bir ma ki auiza ba šla
4. arik adgu kilinčlik
5. iuhnn z`ura aunqlis

6. atlik bil... u ...ir miš...
7. ts`ita bitig bizing bia ti
8. mš[i]ha tin ki auzining... t
9. iuhnn z`ura ka ... mi
10. ... at ... š
11. ... ka ...
12. ... hia ...
13. ... țur... [17, с. 230].

Существует точка зрения, что среди племен гузов, обитавших в прикаспийском регионе, также бытовало христианство. Об этом говорит, в частности, В.В. Бартольд, ссылаясь на свидетельство Казвини.

Определенный интерес представляет дискуссионный вопрос о христианстве среди енисейских кыргызов. В 1900 г. Г.Рамстедом в верховьях р. Селенга была найдена тюркская надпись, получившая название Суджинской. Приведем ее текст, достаточно короткий.

- (1) Uıyur jirintä Jaylaqar qan ata kältim (?)
- (2) Qyrqyz oıly män boıla qutluy jaryan
- (3) män qutluy baıa tarqan ögä buıruqy män
- (4) küm soruıum kün toısuqa batsyqa
- (5) tägdi baı bar ärtim ayylym on jylqym sansyz ärti
- (6) inim jiti uryım üç qyzım üç ärti äblädim oylumyn
- (7) qyzımyn qalynsyz birtim maryma jüz är turuy b(ir)tim
- (8) jäginimin atymyn körtim amty öltim
- (9) oylanym ärdä marymynča bol qanqa tap qatyylan
- (10) uluy oylum s...a bardy
- (11) körmädim r...m oıul [34, с. 76-77].

В седьмой строке данного текста упоминается некий «мар» (наставник), которому герой текста (по всей видимости, кыргызский вельможа Бойла Кутлуг-ярган) дал стоянку (туруг) и сто свободных мужей (эр). Словом «мар» в сирийской несторианской церкви обозначалось духовное лицо.

Известны несколько стел с руническими надписями енисейских кыргызов VIII-IX вв. с изображениями крестов и изображения несторианских священников на енисейских скалах [35, с. 166]. Влияние христианства сказалось на погребальном обряде кыргызов – в этот период происходит частичная замена трупосожжений трупоположениями.

Заключение

По всей видимости, причиной принятия кыргызами несторианства мог явиться политический фактор. Главный политический соперник кыргызов – уйгуры, исповедовали манихейство, представители которого, став доминировать в каганате, проявили определенную нетерпимость к другим религиям. Кыргызы и карлуки, став союзниками в борьбе с уйгурами, стали единоверцами. Отметим, впрочем, что, как и во

многих других случаях, новая религия распространялась в основном среди аристократии, почти не затронув рядовых общинников, составлявших большинство населения. В целом же влияние христианства на духовную культуру енисейских кыргызов было поверхностным – к концу IX в. никаких следов его в верховьях Енисея не осталось.

